# БІЛІМ ШЫҢЫ-
## ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№03 (89)
наурыз, 2023

WWW.BILIMSHINI.KZ



*КАЙМОЛДАЕВА Бақыткул Бейсеханқызы,*
*Түркістан облысы білім беруді*
*дамыту орталығының әдіскері.*
*Түркістан қаласы*

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

# БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

## БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады. Айына бір рет шығады.



## Журналға жазылыңыз!

Қазпочта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3440 тенге
индекс: 74871

Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал+Сертификат+Грамота



Аттестацияға 100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

# Жасанды интеллекттің таңқаларлық жетістіктері



**ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,**
**бас редактор**

Ғылым мен технологиялардың жылдам дамып жатқаны сонша, оның жетістіктерін көзге елестетудің өзі мүмкін болмай барады. Қазіргі кезде жасанды интелект саласындағы жетістіктер бүкіл әлемді таңқалдыруда. Солардың ең негізгісі ChatGPT жыл басынан бері ең көп талқыланған жобаға айналды. Адамдар онымен сөйлесіп, түрлі тапсырма беріп, тіпті диплом жұмысын жаздырып көрген. ChatGPT – американдық коммерциялық емес OpenAl компаниясының 2022 жылдың қараша айында таныстырған нейрондық желісі. Ол арқылы жасанды интеллектпен хат жазысып, кез келген сұрақ қоюға немесе тапсырма беруге болады. Chat GPT түрлі сұрақтарға жауап бере алады және кеңес береді. Ол эссе, өлең, ән, сценарий, хатқа жауап, тамақ рецептін жаза алады, оқу бағдарламасын құрастыра алады, бизнес жоспар жазып, күнді жоспарлауға көмектеседі, жылдың негізгі оқиғалары туралы айта алады, іздеген суретті тауып береді, бағдарлама кодын жаза алады немесе кодтағы қателерді табуға көмектеседі. Таяуда ресейлік студент ChatGPT арқылы дипломын қорғай алған. Шығарманы жазуға небәрі 23 сағат кеткен, ал қолмен жазу үшін айлар кетер еді. Адам баласының бүгінгі өмірі жасанды интеллектке тікелей байланысты.

**Жасанды интеллект деген не?** Өткен ғасырдың жартысынан бері түрлі елдің ғалымдары адамның санасы сияқты әртүрлі функцияларды басқара алатын күрделі механизмді жасанды жолмен жасауға тырысып келеді. Әзірге адам санасының аналогы жасалған жоқ. Оны ғылымда «жасанды интеллект» дейді. 1956 жылдың жазында Джон Маккарти есімді америкалық бағдарламашы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда бұл терминді алғаш рет қолданған. Ол компьютерлік бағдарламалаудағы ең алғашқы тілдердің бірі Лисптің негізін салған. Жасанды интеллектінің дамуына қосқан үлесі үшін Маккарти зейнет жасында Тюринг премиясының лауреаты атанады. Шындығында, жасанды интеллект Джон Маккартиге дейін де қолданылған. Тек оған дәл осы атау берілмеген болатын. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Алан Тюринг есімді ағылшын математигі немістің құпия ақпаратын бұзып, оны шифрдан шығаратын машина құрастырады. Жасанды интеллект көмегімен жұмыс істейтін алғашқы компьютерді Алан Тюринг құрастырған. Оның ғылыми жұмыстары бүгінгі суперкомпьютерлердің құрылуының негізі болды. 2018 жылы SpaceX, SolarCity және Tesla Motors компанияларының жетекшісі Илон Маск бастаған жасанды интеллект саласындағы бірқатар сарапшылар «Бұл компьютерге сенесің бе?» атты деректі фильмде өздерінің жасанды интеллект дамуына қатысты пікірін білдірді. Олардың басым бөлігі жасанды интеллект дамуын бақылауда ұстаудың маңызы жайлы айтады. Илон Маск үндеуімен бірқатар белсенді ғалымдар мен футурологтар жасанды интеллектінің қаупі жайлы Біріккен ұлттар ұйымына да арнайы хат жазған. Хатта жасанды интеллектіге ие әскери қаруларды бақылауда ұстау мәселесі көтеріледі. Жасанды интеллект адам баласының жұмыссыз қалуына да себепші болуы мүмкін. Мысалы, 2014 жылы америкалық миллиардер Джефф Безос Amazon.com компаниясының жүк тасымалдайтын мыңдаған қызметкерін жұмыстан босатып, оларды роботтармен алмастырды. Қазіргі таңда компанияның қоймаларында жүз мың робот жұмыс істейді. Жасанды интеллект – әлемдегі жаңа төңкеріс алып келетін сала. Жасанды интелект саласында бәсекеге қабілетті болу еліміздің алдындағы басты міндеттердің бірі деп ойлаймын. Бұл міндетті орындау үшін барлық саланы цифрландыруға тезірек көшіп, жас ұрпаққа сапалы білім беруге тиіспіз. Осындай жұмыстың білім саласында басталып кеткеніне қуанамыз. 2024 жылы мектеп пәндері 100 пайыз электронды форматқа көшіріледі. Бұл туралы Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлімдеді. «Сонымен қатар виртуалды зертханалар мен геймификация элементтері цифрлық контентке енгізілуде. Электронды оқулықтар әзірлеу жұмысына еліміздегі 11-ден аса отандық баспа атсалысты. Пәндерді электронды оқулықтармен 100 пайыз қамту 2024 жылға жоспарланған. Педагогтер үшін электронды оқулықтарды тиімді пайдалану әдістемелері әзірленіп, оқыту жұмыстары басталды», – деді ол. Министр электронды оқулықтармен қатар мектептерде қосымша оқу материалы ретінде мультимедиалық контенті бар цифрлық білім беру ресурстары белсенді қолданылатынын айтты. «Қазір 50 мыңнан аса цифрлық білім беру ресурсы жасалды. 2023 жылдың басынан бастап Цифрлық білім беру ресурстарына 6,7 мың мектеп қосылды. Бұл ресурстарды бүгінде күн сайын 3 миллионға дейін оқушы мен мұғалім қолданып келеді. Цифрлық білім ресурстарында барлық сыныптарды қамтитын 50 мыңнан аса бейнесабақ жарияланған», – деді министр. Жасанды интелект жетістіктеріне таңқалып қана қоймай, бүкіл әлемді таңқалдыруға ұмтылайық. Қазақ Елі жастарының қолынан бәрі де келеді деп сенеміз.



# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

***КАЙМОЛДАЕВА Бақыткул Бейсеханқызы,***
***Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының әдіскері.***
***Түркістан қаласы***

Қосымша білім беру қызметіне, бұл жұмыстың болашағына жақсы көзқараспен қарау әрбір педагог пен ата-ананың тікелей міндеті деп ойлаймын. Бала тәрбиелеу – үздіксіз процесс, ол баланың бос уақытында жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан-жақты болуына арналады. Әр оқушы бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын жоспарлауы тиіс. Қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысының тиімді ұйымдастырылуын назардан тыс қалдырмауы қажет. Дұрыс, тиімді ұйымдастырылған бос уақыт балалардың рухани өмірінің сапалы өтуін, дұрыс көзқарасының қалыптасуын қамтамасыз етері даусыз. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Сонымен қатар оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғалымдардың назарын аударып отыр. Өйткені, қоғамымыздағы әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасында да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етеді.









Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 14 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде «Келесі мәселе – қосымша білім беру. Бұл – өскелең ұрпақтың қарым-қабілетін дамыту үшін қолға алынған бастама. Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөлінетін болды. Бұл қадам үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалардың санын 70 пайызға дейін арттырды.

Мұны стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім болды деп санаймын. Дегенмен, жоба іске қосылған жылы бірқатар олқылықтарға жол берілді. Яғни, қаржы мәселесіне және тиісті порталдың («Артспорт») жұмысына қатысты қателіктер болды. Қаржыны артық жұмсау, алаяқтық, ашықтан-ашық жымқыру басталды. Ата-аналар балаларын бірден бірнеше үйірмеге беретін болды. Өкінішке қарай, мұндай теріс пиғыл басқа балалардың жолын кесіп отыр. Кемшіліктің бәрін түзетіп, осы игі бастаманы жалғастыру қажет. Әкімдіктер және мәслихаттар қосымша білімге

бөлінетін бюджет қаражаты жетпей қалуы мүмкін деп алаңдап отыр. Білімге салынған қаражат – мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан, бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс» деп атап өткен болатын.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, осы жұмысқа бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушының жан-жақты болып өсуі тек қана оның мектепте өткізетін уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында білім беру мекемелердің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтің бірі – сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар. Оқушылармен сыныптан тыс жүргізілетін тәрбиелік маңызы бар қосымша сабақтар мен үйірме жұмыстары ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез-құлыққа бейімделіп жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Балалар ұйымы, ата-аналар балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесуі керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпауымыз керек.

Сонымен қатар, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылданғысы келетінін анықтау, қабілетін зерттеп білу керек, оның нәтижесі сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасаған уақытта ескерілуі тиіс. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, сан қилы тәсілдерін жетілдіріп, нәтижелілігін арттыру үшін аянбай еңбек ете білу керек. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз еңбекпен келетіні мәлім. Оны жүзеге асыру тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштастыра отырып қосымша білім беру мен үйірме жұмыстарының әрекетімен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстары болып табылады.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған жеке сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбиелік маңызы зор қызмет болып табылады. Қосымша білім беру қызметі әртүрлі әрекеттердің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді, сыныптан тыс әртүрлі қосымша жұмыспен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады. Сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әр түріне қатысты қызығушылықтың дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егер балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Сыныптан тыс әртүрлі үйірме жұмысының форматы баланың өзіндік дара қаблетін ашуға ықпал етеді, сонымен бірге оқушыларға ұжымда бірлескен тәсілде ұйымдасып жұмыс жүргізуді үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істер атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. Тіпті оқудан тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, қоғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлкен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Үйірме жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын таңдауда ерікті болады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылық өкілдері қатыстырылады.

Қоғамымыздың даму бағытына сай білім бағдарламалары мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылуда. 2001 жылдың 22 маусымында Үкімет қаулысымен мектептен тыс мекемелерге қосымша білім беру мекемесі мәртебесі берілген, осы қаулының негізінде Түркістан облысы оқушылар сарайының директоры Икапова Индира Сарқытқызының басшылығымен оқушылар сарайында ауқымды жұмыстар жүрігізілуде. Түркістан «Оқушылар сарайы» - ЮНЕСКО клубы 2020 жылдан жемісті жұмыс атқарып, түрлі бағытта жобаларды іске асырып келеді. Қазіргі таңда «Оқушылар сарайындағы» 6 бөлім бойынша 60-қа жуық үйірме жұмыс жасап тұр. Үйірмелерде 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар, студенттер мен ересектер қосымша білім алуда. Білімгерлердің жалпы саны – 1200. «Оқушылар сарайы» -

ЮНЕСКО клубы білімгерлерінің Халықаралық, Республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, қол жеткізген жетістіктері көп. Атап өтсек, «Жеті Өнер» Халықаралық шығармашылық фестиваль-конкурсы, «Ертеңіме сенемін» фестиваль-байқауы, "Әмен" анимациялық фильм фестивалі, "Думанды елім" Халықаралық өнер сайысы сынды байқауларда бақ сынаған білімгерлер 50-ге жуық бас жүлдені, 60-қа жуық I және II орындарды, 100-ге жуық III орынды иеленді. Үйірмелер мен ондағы мүмкіндіктерді тұрғындар арасында кеңінен тарату мақсатында ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта үйірмелерге келетін оқушылар саны артып, тиісінше жас жеткіншектер үшін тиімді мүмкіндіктер жасау жұмысы жалғаса береді.

Жалпы, Түркістан – еліміздегі бала саны ең көп өңір. Әрбір бесінші сәби Түркістан облысында дүниеге келеді екен. Демек, біз еліміздің болашағы үшін балаларға ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Осы орайда «Оқушылар сарайы» әрдайым өз міндетін жоғары деңгейде атқара береді деп сеніммен айта аламыз. Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың «Бала тәрбиесіндегі ең маңыздысы – оны еңбекке баулу. Еңбекқор бала ғана, парасатты азамат болып қалыптасады» деген сөзі әрдайым өзекті бола береді деп ойлаймын. Қосымша білім беру арқылы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – маңызды міндет. Әр мұғалім өз міндетін биік деңгейде жүзеге асырғанда ғана Қазақ Елі озық елдер қатарынан орын алатынын ұмытпайық, құрметті ұстаздар қауымы.



# ОБЛЫСТЫҚ «КІТАРХАН@» КІТАП ОҚУ ЖАРЫС ЖОБАСЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫНА ТИІМДІЛІГІ

***ТЕМИРБАЕВА Акмарал Мейрбековна,***
***Түркістан облыстық «Білім беруді дамыту орталығының» кітапхана ісі әдіскері.***
***Түркістан қаласы***

**Кітап** – қоғам мен адамның арасындағы маңызды фактор. Яғни, Кітап дегеніміз – қоғам. Ел қатарлы мемлекет болудың рухани-мәдени көрсеткіштері осында жатыр. Кітап арқылы келешек ұрпаққа бүгініміз тарих болып жазылып, ертеңгі мұра болып қалмақ. Кітаптың оқырманға жететін қасиетті орны кітапхана екендігі ертеден белгілі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік жоспары, ұлттық үлгісі қалыптасуда. Осыған орай білім алушылардың тұлғалық дамуына бағытталған жана оқыту технологияларының бірі - бұл жобалық оқыту әдістері. «Жоба» латын тілінен аударғанда «алға тасталған» дегенді білдіреді, ал қазіргі түсінікте жоба – бұл қандай да бір қызмет түрінің немесе объектінің прототипі.

Әлішер Науаи ***«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»*** десе, Денри Дидронның ***«Адамдар кітап оқуын қойса, ойлауын да қояды»*** деген сөзі бар. Ұлы орыс жазушысы Толстой ***«Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей»*** деп пікір білдірген, ал Абай атамыз ***«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге»*** деп шегелейді. Әрине, мұндай керемет теңеулерді келтіре беруге болар, бірақ соңғы уақыттары адамдар осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқанын да мойындауымыз керек. Бұл жаһандық мәселе. Алайда, шешілмейтін мәселе жоқ. Яғни, бүгінгі таңда кітап оқуға қызықтыру барша педагогтердің міндетіне айналды. Ойланып қарасақ, әркім кітап оқудан ләззат алуы тиіс. Кітап – өмірлік ұстаз және әркімнің өмірін өзгерте алады. Ешкім кітап оқудың гиганты емес, бірақ әрбір адам кітапты ұқыпты әрі бар ынтасымен оқуы тиіс.

Республикалық **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында облыстық білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен **«КітарХАН@»** кітап оқу жарыс жобасы 2021-2022 оқу жылының қазан айынан бастау алып, бүгінгі таңда облыс көлемінде жобаның II айналымы өтіп жатыр. Жобаның тиімділігі мен нәтижелігі: Кітап оқу дәстүрін педагогтар арасында жалпы сипатқа айналдырып, кітап оқу абыройлы дағдыға айналады; оқушы мен студенттерге үлгі болу; бос уақытты тиімді ұйымдастыру; кітап оқу арқылы – жазу, оқу, сөйлеу мәдениетін дамыту; қоғам арасында педагог мәртебесін және мұғалімнің жұмыс тиімділігі мен нәтижесін арттырады. Жоба апталық, айлық, жылдық кезеңдерден тұрады. Биылғы жылдың ерекшелігі әрбір апталық сайыстың арнайы мерейтойларға орай белгілі







оқу жылынан бері жобаға облыс педагогтерінен 276 сұраныстан 195 педагогтер қатысып, 195 кітап қорғалды. Жеңімпаздар жүлделі I, II, III орынды Дипломдармен, оқушылар жеңімпаздары 10000 теңгелік Сертификаттармен марапатталып, заманауи көркем әдебиеттер сыйға тарту етіліп отырады. Созақ, Келес, Бәйдібек, Отырар, Мақтаарал, Түлкібас, Жетісай, Шардара, Ордабасы, Төлеби, Сауран, Түркістан, Арыс аудан, қалаларының жобаға деген жоғары қызығу-шылықтарын атап өтуге болады. Қатысушы-оқырмандар ішінен жалпы педагогтерден басқа аудан әдіскерлері, мектеп басшылары, оқу ісінің меңгерушілері және колледж оқытушылары да белсенділік танытып, жүлделі орындарды қанжығаларына байлады.

Аталмыш жоба барысында педагогтер, 5-10 сынып оқушылары және колледж білім алушылары арасында кітап оқуға қызығушылықтың едәуір артқандығы өте қуантарлық жағдай тудырып отыр. Жобаға қатысу үшін арнайы облыстық білім басқармасының бекіткен Ережесі негізге алынады және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, бастауыш сыныптар, 5-10 сынып оқушылары, колледж білім алушылары мен педагогтер оқуға тиіс бекітілген көркем әдебиеттер тізімі аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне жолданды. Өткен оқу жылғы **«КітарХАН@»** кітап оқу жобасының қорытындысында кітаптың Ханы Созақ ауданының еншісіне ілінді, ал енді биылғы жылдың кітаптың Ханы атануға қай ауданның еншісіне ілінетінін оқу жылы соңында қорытынды сайыста білетін боламыз. Аталмыш жоба білім сапасына жоғары деңгейде оң әсерін тигізіп келеді деп нық айтуға болады. Олай дегенім, жобаға деген педагогтер мен оқушылар арасындағы сұраныстардың күннен-күнге өсіп отыруы. Оқырманын таппай жүрген қаншама кітаптарымыз өз оқырмандарын тапты. Баланың сабақ барысындағы оқу сауаттылығы артып, білім сапасына тұщымды үлестері қосылып келеді.

тақырыптары қатысушы-оқырмандарға ұсынылады, яғни оқыған кітаптарын қорғауымен бірге ұсынылған тақырыптар аясында қосымша білімдерімен бөлісу мүмкіндіктері қарастырылған.

***Жобаның мақсаты:*** аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне қарасты білім беру ұйымдарының кітапхана мамандары, жалпы педагогтер, оқушылар және ата-аналардың кітап оқу мәдениетін терең қалыптастыру, шығар-машылық әлеуетін арттыру болып табылады.

***Міндеттері:*** бүгінгі таңда өз заманының даму деңгейіндегі білімді,

оқымысты тұлға қалыптастыру; тұрақты кітап оқу; оқу сауаттылықты арттыру;

оқуға құштар болу.

**«КітарХАН@»** кітап оқу жобасының демеушілері: ***«Отбасы хрестоматиясы», «Мазмұндама», «Steppe World»*** және ***«Болат Өтемұратов»*** қоры. Аталмыш баспалардың көркем әдебиеттері жеңімпаз оқырмандарға сыйға тарту етіліп отырады. Қорытынды да, жалпы жаңа

Білімді ұрпақты тәрбиелеудің бір дүниесі – **Кітап**. Кітап – ең құнды қазына. Оның айтары ішінде. Жақсы кітап жақсы қоғам тәрізді сезім мен сананды нұрландырады, көркейтеді. Сөзден өрнек құрып, кестеленген дүниені санада сәулелендіру, ешбір қимылсыз-ақ сізге мұң мен шаттық сыйлау келсе, тек кітаптың қолынан ғана келмек.



# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

***ИБРАГИМОВА Жанат Асанқызы,***
***№47 Д.Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Келес ауданы***

Оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру үшін жаңартылған білім беру бағдарламасына сай оқыту мен оқу процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, алған білімдерін өмірде пайдалана білуіне, өз бетінше білім алуына жағдай жасау арқылы оқушылардың білім сапасын көтеру маңызды рөл атқарады. Балалардың ұжымда, топтарда жұмыс істеу барысында сыни ойлауын, шеберлігін, функционалдық сауаттылығын дамытып, танымдық белсенділігін арттырып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырамыз. «Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің бірінші кезекте жалпы білім беруді көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда. Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім әдістердің тақырыпқа сай, оқу материалын тиімді меңгертуге ықпал тигізетіндей түрін таңдау керек және осы әдісті қолдану жолын өзі де жақсы білуі керек. Функциональдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген.

PISA (ПИЗА) шеңберінде тестілеу барысында функциональдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады. Оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану - ғылыми сауаттылық. 2009 жылы Қазақстан ПИЗА зерттеуіне алғаш рет қатысты. Белгілі психолог Л.Выготский: "Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі ғана баланың жеке басының дамуын ілестіре алады", - дейді. Сыныптағы оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру үшін, әр оқушының көңіл-күйін байқау, оқушы мен мұғалім арасында байланыс орнату, психологиялық т.б тренингтер арқылы оқушы көңіл-күйін көтеру, әр оқушының мінез-құлқымен жете танысып, жаңартылған білім мазмұнына сай функционалдық сауаттылығын арттыру барысында әдіс-тәсілдерді сабақта түрлендіре қолдану керек.

Мәтінмен жұмыс барысында үнсіз оқу, дауыстап оқу, кезекпен оқу, музыка әуенімен оқу, QR штрих код сканерден өткізіп оқу, kitap.kz сайтынан оқу, аудиодан тыңдау әдістері қолданылады. «Көгершін» тақырыбы бойынша оқушылардың «Мейірімді, адал болуды өзіміз де көгершіннен үйренуіміз керек. Сондықтан мейірімді, адал болуды басты мақсат етемін» деп айтқан сөзі мені ерекше толғандырды.

Сабақ кезінде оқушы мен мұғалімнің арасында қатынастар нығайып, балалар өз бетімен ізденуге, саралап нақты шешім қабылдауға, сыни ойлауға, өз ойын дәлелдеуге, шығармашылық белсенділікке ұмтылды. Оқушының өз бойынан өткізіп, топпен, жұппен, жеке орындаған жұмысы шығармашылыққа жетелейді.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқушыларға мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, алған мәліметтері пайдалы болатындай ойлануына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар оқушылар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алады. Мен өз тәжірибемде оқыту мен оқу процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оқушы мен мұғалім арасында байланыс орнатып, әр оқушының мінез-құлқымен жете танысып, жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктерін сабақ барысында тиімді қолдана білдім. Функциональдық сауаттылығын арттыру мақсатында «Автор орындығы» әдісін қолдандым. Бес жолды өлең құрастыру арқылы оқушылардың шығармашылығын шыңдап, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым. Ең бірінші интербелсенді әдісті сабақта жиі қолдандым.

«100 кітап» жобасында балалар Қазақстан жазушыларының шығармаларын оқиды. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабын оқу барысында үнсіз оқу, дауыстап оқу, кезекпен оқу, музыка әуенімен оқу, аудиодан тыңдау әдістерін қолдандым. Бұл жерде цифрлық сауаттылық жүзеге асады.

«Автор орындығы» - оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқыту. Бұл әдістерді қызығушылығын оятуда, үй тапсырмасын сұрауда, ой толғаныс кезеңінде де қолданып отырдым.

Синквейн стратегиясы: Бес жолды өлең құрастыру:

Не? – Қоян

Қандай? – қорқақ, адал, кеміргіш, ақ, сұр.

Не істейді? – жауынан қорғанады, сәбіз жейді.

Қоян - бүркеніш рең.

Түйін сөз – Қоян - қорқақ аң. Осындай жұмыстар арқылы оқушының шығармашылығы, белсенділігі артты.

Қорыта айтқанда, оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру арқылы білім сапасын көтеру үшін, жаңартылған білім мазмұнына сай тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың функциональдық сауаттылығын, танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шеберлігін дамытып, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар оқудың қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын түсінеді. Оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті, рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Қытай ойшылы Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» дейді. Айтып беру үйрету емес, ең бастысы балалардың өзіне жасатсақ, олар үйренеді. Ізденіс пен еңбек болашақта биік белестерді бағындыруға бастайды, үлкен нәтижелерге қол жеткізуге жетелейді.

# ДЫБЫС АЙТУ БҰЗЫЛЫСЫН ТҮЗЕТУ



***МУРАТБЕКОВА Балжан Бериковна,***
***«Төрткүл» жалпы орта мектебінің арнайы педагогі.***
***Түркістан облысы, Ордабасы ауданы***

Дыбыс айту бұзылысын түзету ұзақ әрі күрделі үрдіс. Дыбысты дұрыс айтуға бағытталған жұмыс барысында жаңа шартты байланыстарды меңгерудегі қиыншылықтар, барлық ойлау процестерінің әлсіздігі сияқты психикалық дамуы тежелген балаларға тән қиыншылықтар орын алады. Дыбыс айту бұзылысын түзету барысында танымдық қызмет, анализ, синтез, салыстыру сияқты дағдылардың дамуы жүзеге асады. Дыбыс айту бұзылысын түзету жұмысының барлық кезеңдерінде салыстыру тәсілі кеңінен қолданылады. Мысалы: дыбысты қою кезеңінде дыбыстың дұрыс және дұрыс емес айтылу қалпы салыстырылады. Дыбысты машықтандыруда фонетикалық жағынан алыс дыбыстармен салыстырылады. Кейін ажырату кезеңінде өңделген дыбыстарды фонетикалық жақын дыбыстармен сәйкестендіру жұмыстары атқарылады. Дыбыс айту бұзылысын түзету процесінде дыбыстар санына байланысты түрлі сөздер, өңделген дыбыстың сөздегі орны бойынша талданады. Жалпы және сөйлеу моторикасын дамытуға, естіп қабылдауын, назарын, есте сақтауын және дыбыс айту бұзылысының негізінде жатқан барлық процестерді қалыптастыруға аса назар аударылады.

Дайындық кезеңі

Дыбыс айту бұзылысын жоюда дайындық жұмысы көбінесе 1-сыныпта жүргізіледі. Бұл кезеңде жалпы қол, сөйлеу тіл моторикасын, естіп қабылдау, назар, гнозис пен мнезисін дамыту жұмыстары жүргізіледі. Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілінің просодикалық компоненттерінің ерекшеліктерін ескере отырып осы кезеңде сөйлеу тіл кезінде дұрыс демалу, ұзақ бірқалыпты дем шығаруды қалыптастыру бойынша да жұмыстар жүргізіледі.

Дыбысты қою кезеңі

Мақсаты: баланың артикуляциясын қалыптастыру, дыбысты жеке дұрыс айтуға үйрету. Артикуляцияны көру арқылы қабылдап, дыбыстың кинестетикалық бейнесін қалыптастыру. Сөйлеу тілін дамыту, фонематикалық анализін қалыптастыру, артикуляциялық моторикасын дамыту. Дыбысты қою кезеңінде логопедиялық жұмыс келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1.Сөйлеу тілін қабылдауын дамыту.

2.Фонематикалық анализін қалыптастыру.

3.Артикуляциялық моторикасын дамыту.

4.Дыбысты қою бойынша жұмыс.

1.Сөйлеу тілін қабылдауын дамыту:

Буындарды айтуға еліктеу тапсырмаларын қолдану арқылы жүреді. Дауыссыздар қатар келген буындар ұсынылады (тек дыбыстарды дұрыс айтқан жағдайда ғана).

2.Фонематикалық қабылдау, анализ бен синтезін дамыту:

Өңделіп жатқан дыбысты сөзден бөліп алу білігін қалыптастыру, оның орнын анықтау, басқа дыбыстардан ажырату бойынша жұмыс жүргізіледі. Сөйлеу тілінің фонематикалық жағын меңгеру деңгейіне байланысты фонематикалық анализдің күрделі түрлерімен де жұмыс жасауға болады.

3.Сөйлеу тіл моторикасын дамыту. (артикуля-

торлық қимыл-қозғалыстың кинестетикалық және кинетикалық негізі) Бірінші сыныпта бұл кезеңде сөйлеу тілдік демалу дағдыларын бекіту, дауысын дамыту, артикуляторлық қимыл-қозғалысын дамыту бойынша жұмыс жалғасады. Артикуляциялық гимнастика дыбыстарды дұрыс айтуға дайындайтын тіл, ерінге арналған белгілі жаттығулар кешенінен құралады. Артикуляциялық гимнастииканың мақсаты артикуляторлық қалыптың әрбір элементін өңдеу болып табылады. Әрбір дыбыс үшін артикуляциялық жаттығулардың белгілі бір жүйесі ұсынылады. Артикуляциялық жаттығулар еліктеу арқылы айна алдында жүргізіледі. Егер жаттығуларды орындай алмаса, онда механикалық көмек қолданылады. Кейін қимыл-қозғалысты пассивті (баяу) орындаудан белсенді (активті) іс-әрекетке көшеді. Қимыл-қозғалыстың бөлек элементтерін өңдегеннен кейін ол бірігіп, біртұтас артикуляциялық қалыпты құрайды.

4.Дыбысты қою бойынша жұмыс. Дыбысты қоюдың негізгі тәсілдері:

·Еліктеу бойынша - есту бейне, артикуляцияны көріп қабылдауға сүйену бойынша. Бұл балаларда еліктеу жеткілікті дамығандығымен байланысты.

·Қосымша құралдарды пайдалану арқылы қоюдың механикалық тәсілі. (шпатель, зонд). Механикалық көмек арқылы артикуляциялық мүшелерге белгілі қалып сақталады.

·Механикалық көмексіз дұрыс айтылатын басқа дыбыстардан қою.

·Артикуляциялық қалып арқылы дыбысты қою.

·Түрлі тәсілдер қолданылатын дыбысты қоюдың аралас тәсілі.

Дыбысты машықтандыру кезеңі.

Мақсаты: дыбысын буынға, сөзге, сөйлемге, байланыстырып сөйлеу тіліне енгізу. Дұрыс және дұрыс емес артикуляциялық қалыпты ажырату біліктілігін дамыту. Дыбысты сөзден бөлу, оның орнын анықтау қабілеттілігін арттыру. Сөздің дыбыстық құрамын тез және нақты анықтау біліктілігін жетілдіру. Сөз қорын молайту, оны жүйелендіру, сөйлеу тілдің грамматикалық қатарын қалыптастыру. Сөйлеу тілінің прosодикалық жағымен жұмыс. Физиологиялық тұрғыдан дыбысты машықтандыру кезеңі шартты-рефлекторлық сөйлеу қимыл-қозғалыстың байланыстарды түрлі сөйлеу тілдік материал негізінде бекітуді анықтайды. Қойылған дыбыс әлі әлсіз, шартты-рефлекторлық байланысты бекітусіз тез бұзылуы мүмкін. Дыбысты машықтандыру дегеніміз оны буынға, сөзге, сөйлемге, байланыстырып сөйлеу тіліне енгізу болып табылады. Дыбысты айтуында кемшіліктері бар балаларда сөздерді, сөйлемдерді қате айту стереотиптері бекітілген. Дыбысты машықтандыру дұрыс және дұрыс емес артикуляциялық қалыпты ажырату біліктілігін қажет етеді. Ол жеңілден күрделіге, қарапайымнан күрделіге принціпі бойынша жүзеге асырылады. Алдымен, дыбысты буынға қосу бойынша жұмыс жүргізіледі. Сөздерде дыбысты машықтандыру буындарға сүйеніп жүргізіледі. (ба-ла). Сол дыбыс сөздің басында, кейін ортасында, аяғында келетін сөздермен жұмыс жасалады. Алдымен, дыбыс буындық құрамы қарапайым, кейін дауыссыздармен қатар келген сөздерде машықтандырылады.

Кейін дыбыс сөз тіркестерінде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандырылады. Алдымен, дыбыс аз көлемдегі сөйлемде беріледі, кейін дыбыс көп көлемдегі сөйлеу тіл материалында машықтандыру жүргізіледі. Осы кезеңде дыбыстық анализ бен синтездің күрделі формасымен, дыбысты сөзден бөлу қабілетін қалыптастыру, оның орның анықтау (қай дыбыстан кейін, қай дыбыстың алдында екенін) бойынша жұмыс жүргізіледі. Бұл жұмыс машықтандыру процесіне әсерін тигізеді. Сөздің дыбыстық құрамын нақты және тез анықтау біліктілігі машықтандыру кезеңінің дұрыс және жылдам өтуіне қажет болып табылады. Психикалық дамуы тежелген балалар үшін дыбыстарды машықтандыру өте қиын, өйткені олар сөздегі дыбыстың орнын анықтай алмайды. Ал, егер бала дыбыстың сөздегі орның нақты білмесе, онда артикуляциялық мүшелерін дыбысты дұрыс айтуға уақытында дайындай алмайды, әсіресе дыбыс сөздің ортасында немесе соңында болған жағдайда. Дыбыстарды машықтандыру барысында сөйлеу тілінің просодикалық жағымен жұмыс жүргізіледі: буында және сөзде дыбысты машықтандыу кезінде екпінмен, дыбысты сөйлемде машықтандыру барысында логикалық екпінмен, дыбыстың айтылуын сөйлемде, байланыстырып сөйлеу тілінде бекіту барысында интонациямен жұмыс. Сөйлеу тілінің фонетико-фонематикалық жағының дамуына байланысты дыбыстарды машықтандыру кезеңінде сөз қорын молайту, оны жүйелендіру, сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Дыбысты ажырату кезеңі

Сөйлеу тіліндегі дыбыстарды ажырату кезеңі дыбыс айту бұзылысын түзетуде міндетті кезең болып табылады.

Дыбыстарды ажырату жұмысы келесі бағыттарда жүзеге асырылады: естіп ажыратуын дамыту, айтып ажыратуын бекіту, фонематикалық анализ бен синтезін қалыптастыру. Әсіресе, фонетикалық жақын дыбыстарды (жуан және жіңішке, үнді және үнсіз, ызың және ысқырық) ажырату жұмысын жүргізу маңызды. Дыбыстарды ажыратудың келесі кезектілігі анықталды: б-п, д-т, г-к, з-с, ж-ш, с-ш, з-ж, ц-с, ч-т, ч-щ. Шатастыратын дыбыстарды ажырату бойынша логопедиялық жұмыс екі кезеңнен тұрады: 1. Шатастыратын дыбыстардың әрқайсысымен жүргізілетін дайындық кезеңі. 2. Шатастыратын дыбыстарды естіп және айтып ажырату. Бірінші кезеңде шатастыратын дыбыстардың әрқайсысының есту және айту бейнесі нақтыланады. Жұмыс келесі жоспар бойынша жүргізіледі: а) кинестетикалық сезім, көру, есту, тактильдік қабылдауға сүйене отырып дыбыстың артикуляциясын нақтылау; ә) буыннан, сөзден дыбысты бөлу, өңделген дыбыстың орнын анықтау. Екінші кезеңде нақты шатастырылатын дыбыстар айту және есту кезінде салыстырылады. Фонематикалық анализ бен синтезін дамытуға аса назар аударылады.

# МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН



***БЕКЗАТОВА Манат Бөріханқызы,***
***№1 «Білім-инновация» дарынды ер балаларға арналған лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Шымкент қаласы***

Болашақ жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беретін білім ордаларының бірі - Шымкент қаласындағы №1 «Білім-инновация» дарынды ер балалар лицейінің орны ерекше. Бұл лицейге емтихан тапсырған балалардың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып, сынақтан сүрінбей өткендері ғана қабылданады. Тәрбие мен білімді қатар бойына сіңірген шәкірттер еліміздің ғана емес, әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарында білім алуда. Ал сол шәкірттерді білім мен тәлім-тәрбиеге жетелеуші ұлағатты ұстаздарымыздың да еңбектері орасан зор. Былтырғы оқу жылында қалалық пән олимпиадасына қатысқан 47 оқушымыздың 44-і жүлделі орындарды иеленіп, республикалық олимпиадаға жолдама алып, «Ең үздік олимпиада мектебі» номинациясын жеңіп алдық. Биылғы оқу жылының басында «Құндылықтарға негізделген мектеп» деп аталатын арнайы сертификатты да жеңіп алдық. Мемлекетіміздің 7000-нан аса мектептердің арасында 13-орынға ие болуының өзі де - биік мәртебе.

Жалпы лицейде білім берумен қатар, қоғамдық және мектепішілік мәдени іс-шаралар жиі өтіп тұрады. Түрлі бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді. Балалар мен ұстаздарымыз қатар еңбек етіп, оқу мен тәрбие үрдісінің жоғары дәрежеде өтуіне атсалысады. Жыл сайын білікті басшыларымыздың қолдауымен «Ашық сабақтар айлығы» деп аталатын сабақ өту үрдісі дәстүрлі түрде ақпан айында өткізіледі. Оқу жылында барлық пәннің апталықтары жоғары дәрежеде өткізіліп, жаңашыл идеялар мен әдіс-тәсілдер молынан көрсетіліп, таныстырылады.

Лицейде балалар тек білім алып қана қоймай, саналы тәрбиені де өз бойларына сіңіріп шығады. Біздің жетістіктеріміздің басты сыры лицей ұжымының ата-аналармен бірлесе жұмыс атқаруында. Ата-аналармен атқарылатын әрбір іс баланың дұрыс қалыптасып, саналы түрде дамуына көп үлесін қосады. «Әкелер кеңесі» мен «Аналар академиясы» осы тұрғыда көптеген іс-шараларды атқарып келеді. Атап айтсақ, ата-аналардың өз балаларымен бірге өткізетін түрлі спорттық сайыстары, кітап оқу марафондары, тәрбие сағаттары, т.б. Сонымен қатар ата-аналар апталықтар мен ашық сабақтарға да, мектепішілік түрлі мәдени шараларға да белсене қатысып отырады.

Биыл Алаш арыстарының бірі, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай «Мен жастарға сенемін!» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы болып өтті. Дәстүрлі түрде өткізілетін ашық сабақтардан басқа түрлі іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ, «Білім қоржыны» деп аталатын сайысты ұлағатты ұстаз Клара Бейсенбаева, «Қазақ тілі мен әдебиетінің көшбасшысы» интеллектуалды сайысты әдістемелік бірлестік жетекшісі Айжамал Мирзахмедова, тәжірибелі мұғалім Райхан Абишова Мағжан Жұмабаевқа арналған «Дөңгелек үстел» ойталқы сабағын, ұлттық қолөнер көрмесін жас маман Жанат Төреханова, «Асық ату» және «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойындарын, «Мен - қазақпын» деп аталатын сурет салу сайысын Манат Бекзатова ұйымдастырды. Лицей мұғалімдерінен қазақ тіліне байланысты бірқатар қызықты сұрақтар қойылған сұхбаттар алынды. Сондай-ақ Қазақстан бойынша «Білім-инновация» лицейлері арасында «Білім бәйгесі» ұйымдастырылып, балалар өз білімдерін сарапқа салды.

Апталық барысында өткен тәлім-тәрбиелік мәні үлкен шаралардың бірі - елімізге танымал, қысқаметражды фильмдерді түсірудің хас шебері, кинорежиссер Серік Таласов және актер Ғалымжан Қалыбаевпен кездесу болды. Бұл кездесуде режиссердің «Садақа. 5000 теңге» атты фильмінің алғашқы көрсетілімі лицей ұжымына бұйырған екен. Режиссер мен актерға қойылған сұрақтар алуан тақырыпта өрбіді. Балалардың қызыға қойған сұрақтарына кеш қонақтары тәрбиелік мәні бар әсерлі хикаяларымен байланыстыра жауап беріп отырды. Бұл кездесу лицейіміз үшін өте маңызды кездесу болды. Жалпы лицейімізде атақты адамдармен, қоғам қайраткерлерімен, түрлі салада еңбек етіп жүрген танымал тұлғалармен кездесулер жиі ұйымдастырылып тұрады. Қаламыздағы түрлі мұражайлармен байланыс орнаған. Бұлардың барлығы - балалар үшін танымдық тұрғыдан таптырмас үлкен тәрбиелік мәні бар іс-шаралар.

Апталықтың жабылу салтанатында белсене қатысқан барлық оқушыларымызға арнайы грамота мен сыйлықтар табыс етіліп, Бейсенбаева Клара апайдың ұйымдастыруымен балалардың дайындаған ән-күйі мен биіне, арнайы қойылымдарына ұласты. Ұстаздарымыз Мирзахмедова Айжамал және Төреханова Жанат та өз өнерлерін ортаға салып, бірі өлең оқып, бірі ән салып, көрермендердің ықыласына бөленді.

Апталық жақсы ұйымдастырылған, арнайы тақырыпқа сай безендірілген дәрежеде өткізілді. Осы жасалып жатқан игі істердің барлығы да - жас ұрпақтың қамы. Болашақ ұрпағымызды ұлтжанды, саналы, білімді етіп тәрбиелеуде жасалып жатқан еңбегіміздің жемісін көру - біздер үшін ең үлкен бақыт сол. Себебі, біз болашақ жас ұрпаққа сенеміз!



# МЕКТЕП – ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР АЛЫП КЕМЕ

***БЕЙСЕБАЙ Ақдидар Махамбетқызы,***
***«Атбұлақ» жанында интернаты бар жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы***

Қазақ Елі қаншама қиын кезеңдерді бастан өткеріп, жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басып барады. Елдің тарихы мен мектептің тарихы тығыз байланысты екені белгілі. Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Атбұлақ ауылындағы «Атбұлақ» жанында интернаты бар жалпы орта мектебін көп жылдан бері Омартай Ғалымжан Еркінбекұлы биік деңгейде басқарып келеді. Мектептің әр түлегі мақтанышпен айта алатындай өзіндік тарихы бар. Мектеп – ғасырлық тарихы бар алып кеме. Біздің жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып келе жатқан алып кеме-мектебіміз білім теңізінде адаспай алға баса береді деп сенеміз. Қазақстан Республи-касының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 16 тамызда өткен «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде «Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар, мемлекеттің озық инновацияларға сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл – қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс» деп атап өткен болатын. Қасиетті Қазығұрт тауының баурайындағы Атбұлақ ауылы бұлақтары көп, суы мол, табиғаты тамаша жерге орналасқан. Ауылдан шыққан елге әйгілі тұлғалардың көп болуы ғасырлық тарихы бар мектебіміздің жетістігі деп білеміз. Мектебіміздің тарихын әр шәкіртіміздің терең білуі олардың жақсы азамат болып қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Сондықтан да тәрбие сағаттарында, басқа да іс-шараларда оқушыларға мектеп тарихы туралы жан-жақты мәліметтер беруді дәстүрге айналдырғанбыз. 1924 жылы СССР Халық ағарту комиссариаты «Бүкіл ел бойынша сауатсыздықты жоюдың шаралары туралы» қаулы қабылдады. Сол қаулыға сәйкес 1925 жылдың басында Қазығұрт ауылдық кеңесінің орталығы әрі жан-жақтағы елді-мекендер арасындағы ең үлкені болып есептелетін №1 ауыл – Атбұлақта жасына қарамай оқу-жазу үйрететін «Қызыл Отау» ашылды. Сол кездегі Атбұлақ сияқты ауылдар үшін «Қызыл Отау» бүгінгі мектептің алғашқы баспалдағы саналады. Ауылдағы «Қызыл Отаудың» жетекшісі әрі жалғыз мұғалімі Құрамысов деген кісі болған. 1928 жылы Қазақ автономиялық Советтік Социалистік Республикасы Оқу-ағарту комиссариятының бұйрығы негізінде жер-жердегі үлкен ауылдарда екі жылдық мектептер ашыла бастайды. 1929 жылы Атбұлақ колхозы құрылған кезде ауыл орталығынан екі жылдық мектеп те ашылады. Алғашқы мұғалімдері Тайманов пен Жүрсінов. Оқушылар саны 11 кісіге жеткен. 1930 жылы ол үш жылдық мектепке айналдырылады. Атбұлақ мектебіне Қаракия, Талдыбұлақ, Ұйымшыл ауылдарының балалары қатынап оқиды. Бірақ 1931-1933 жылдары ашаршылыққа байланысты мектеп уақытша тоқтатылады. 1934 жылдың басында мектеп жұмысын қайта бастайды. Бұл уақытта кімдердің және қанша адамның мұғалім болғаны белгісіз. 1935 және 1936 жылдары үш жылдық мектептің оқушылары төртінші класты аттап өтіп, бесінші және алтыншы кластарды оқиды. Ал 1936 жылдың күзіне таман Оқу-ағарту комиссариятының «Жалпыға бірдей жеті жылдық мектепте оқу міндеттемесі» қаулысына орай Атбұлақ мектебі жеті жылдық оқу тәртібіне көшіріледі. Сол жылы бесінші-алтыншы кластарда оқитын 15 түлек бірден жетінші класқа көшіріледі және 1937 жылдың маусым айында жеті жылдық мектепті бітірген деген куәлік алады.Атбұлақ мектебі 1962 жылы 8 кластық, 1976 жылы 10 жылдық, 1990 жылы 11 кластық оқу орнына айналады. Қазіргі таңда Атбұлақ ауылында екі мектеп бар. «Атбұлақ» жанында интернаты бар жалпы орта мектебі және «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты». Елімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, салт-дәстүріміз заман талабына сай қайта жаңғыруда. Мемлекеттік тілдің бүкіл елімізде толық қолданылып, шын мәнінде биік мәртебеге ие болуы үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мен 1991 жылдан бері 32 жыл осы мектепте ұстаздық қызмет атқарып келемін. Жаңа технология үлкен маңызға ие болып тұрған заманда Оспанов Асан, Ералиева Нәбира, Нәлібаева Жәмилә, Шарахметова Әлия, Омартай Лаура оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетінен сапалы білім беріп, еліміздің өркендеп, мектебіміздің биік деңгейден көрінуіне өз үлесімізді қосып келеміз. Бізге әрдайым әдістемелік көмек көрсетіп, қолдау білдіріп жүрген Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері Қалдыбаева Ақбөпе Маратқызына айтар алғысымыз шексіз. Ұстаз шәкіртімен, мектеп өз түлектерімен мақтанады, құрметке бөленеді. Атбұлақ мектебінің елге белгілі түлектері Әмір Әбдісаттаров, Дүйсенбек Үмбеталиев, Жамбыл Қаппаров, Сағат Жүнісбеков, Дәулетбай Мәжитов, Құттыбек Жұмашев, Анаш Қожабеков, Тұрлыбек Әбдәкімұлы, Қуаныш Әбдешов, Әлжан Тәшімбетов, Алтынсары Үмбеталиев, Момбек Әбдәкімұлы тағы басқаларды біз әрдайым мақтан тұтамыз. Мектептің түлегімен мақтанамыз, біліммен біз өмірде бақ табамыз.

# АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



***ТУРАПОВА Меруерт Есімқызы,***
***№1 Е.Молдабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-интернатының ағылшын тілі пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Арыс қаласы***

Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгерушілердің саны күннен-күнге көбейюде. Оның бірден-бір себебі ағылшын тілін меңгеру жастар арасында айрықша мәртебеге ие болуда.

Ағылшын тілі мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында жастардың қызығушылықтарына сәйкес жаңашыл оқыту әдістемесіне бет бұрған. Ағылшын тілін игерудің талабы жоғары болғандықтан, ағылшын тілін тереңдетіп үйренуге уақыт пен жастардың сұраныстары артып келеді.

Ағылшын тілі – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күннің ең басты қажеттілігі.

Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік – экономикалық, мемлекеттік зор өзгерістер кезінде ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор.

Көптеген жастар ағылшын тілінің маңыздылығын түсініп, оны меңгерудің тиімді жолдарын табуға тырысады. Бұл әрекеттің тиімді жолдары: мектептегі сабақтар, тілдік курстар және интернет мүмкіндіктері. Ағылшын тілі жастардың психикалық қабілетін, логикалық және абстрактілі ойлауын дамытуға көмектеседі және болашақта оған үлкен мүмкіндіктер ашады. Жастардың ойлау көкжиегін кеңейтуге, мәдени деңгейін арттыруға, шетелдік ресурстардан қажетті ақпаратты табуға көмектеседі. Ғалымдар шетел тілін меңгерген балалар өзімен жасты тілді меңгермеген балаларға қарағанда ақылдырақ және мұқият екенін дәлелдеді.

Бүгінде мемлекет арасындағы өзара іс-әрекет, қарым-қатынас жақынырақ болған сайын ағылшын тілін білудің де маңызы зор. Қазіргі заманғы білімді жастарға тым болмаса бір шетел тілін білу керек, себебі білім, ғылым, спорт, экономика, бизнес тек бір елдің шеңберінде ғана таралмаған. Ал, ағылшын тілін білмей әртүрлі елдердің халықтары арасындағы ынтымақтастық мүмкін емес.

Біріншіден, халықаралық конференцияларда, көрмелерде түрлі адамдармен, басқа елдің мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныса алады. Ағылшын тілін білу арқылы осындай іс-шараларға қатысуға мүмкіндік болады.

Екіншіден, барлық маңызды халықаралық спорттық сайыстар, соның ішінде Олимпиада ойындары ағылшын тілінде өтеді.

Үшіншіден, шетелдік әріптестермен бірлесіп бизнес жүргізуге, түрлі келіссөздерге қатысуға мүмкіндік алады. Жалпы алғанда ағылшын тілінде сүйікті өлеңдерді тыңдап, түсінуге, шетелдік танымал фильмдерді көруге болады. Бүкіл әлем бойынша еш қиындықсыз саяхаттай алады. Осының бәрі жастарды ағылшын тілін меңгеруге ынталандырады.

Ағылшын тілін меңгеруге қажет бірнеше себепті айтуға болады:

- табысты мансап үшін қажет;
- ағылшын тілін талап ететін көптеген мамандықтар бар: дипломаттар, ғалымдар, туристік агенттер, журналистер және т.б;
- кейбіреуіне тіл шетелге шығу үшін, шетелдіктерден ақпарат алу үшін қажет, ал басқасы үшін жай ғана хобби.

Қандай да себеппен оқыса да маңыздысы нәтиже.

Ғалым Н. Рсалиева шет тілдерін білудің мынадай позитивті тұстарын атайды:

- генологиялық тұрғыдан жақындығы жоқ, мүлдем басқа мәдениет өкілімен тікелей, аудармашысыз, емін-еркін қарым-қатынас жасай аламыз;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, бұрын тек қана қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиет көздеріне жүгінетін болсақ, енді ғылымы ілгері дамыған шетелдердегі мол мағлұматтарға қол жеткізе аламыз;
- ғаламтордағы ағылшын тіліндегі мағлұматты игере аламыз;
- тілді меңгерген жастар және ғалымдар экономикасы дамыған мемлекеттерде білім алуға және сол озық тәжірибені елге алып келуге мүмкіндік алды;
- өз зерттеулеріміздің нәтижесін де шетелдердегі жоғары халықаралық деңгейдегі конференцияларға, конгрестерге, симпозиумдарға шығарып, көрсете алатын болдық;
- өзге мәдениеттердің көркем әдебиетін бұрынғыдай (негізінен) орыс тіліндегі аудармасынан емес, өз түпнұсқасында да оқып, таныса алатын болдық;
- төл әдебиетіміздің озық үлгілерін де жетекші шетел тілдеріне түпнұсқасынан аудару үдерісі (баяу қарқынмен болса да) басталды;
- ағылшын тілін оқытудың методологиясын әлемдегі ең жетілдірілген тіл үйрету тәжірибесі ретінде (басқа да тілдерді оқытуға) пайдалануға болады;
- өндірістің қай саласында болса да, ағылшын тілін немесе басқа да шетел тілін білетін маманның жалақысымен салыстырмалы түрде алғанда, жоғарырақ.

Бүгінде әлем күнделікті өзгеріс кезеңінде. Сандық технологиялар түрлі салада қарыштап дамуда. Сондықтан халықаралық тілді, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру заман талабы болып отыр.

Ағылшын тілінің рөлі жайлы ұзақ уақыт айта беруге болады. Әрқайсымыздың ағылшын тілін үйренудегі өз себептеріміз болуы мүмкін, бірақ ол қазіргі заманғы табысты адамның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор.



# THE LEGACY OF MAGZHAN ZHUMABAEV AND WORLD SPIRITUALITY

***КӨШЕНОВА Тамара Сәрсенбайқызы,***
***С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

*"Magzhan's word is a word that will remain clear for the future".*
*M. Auezov.*

Magzhan Zhumabaev is a remarkable Kazakh writer, poet, publicist, one of the founders of the new Kazakh literature. His poems, stories are characterized by an acute tragedy, expressing a sense of responsibility to the people and the resulting appeal to the origins and turning points of history. Existential motifs, so common today, are quite clearly visible in his work. After many years of silence, Magzhan Zhumabaev opened up to us anew.

Since the end of the eighties, when Kazakh literary critics for the first time spoke loudly about the poet of tragic fate Magzhan Zhumabaev, the interest of the general public, readers in the life and work of this bright star in the sky of Kazakh poetry has not weakened. His fiery verses will always inspire a new generation of poets, his civic pathos will remain in tune with the present in any socio-economic formation.

The larger the poet, the more he belongs to all mankind. Such is Magzhan, who takes his firm place in the elite ranks of artists of the word.

In order to promote the creative heritage of the poet, to instill a sense of patriotism among the younger generation in the Turkic world, 2018 has been declared the Year of Magzhan Zhumabayev.

I am familiar with the work of Magzhan Zhumabaev. Many songs have been written on his poems, his works are re-read. This is a talented teacher who can still teach today's youth a lot. His poetry spreads its wings across the expanses of many countries. I was lucky to see the famous play "The Court of Magzhan" - the premiere performance, which is unique and, in my opinion, has no analogue on the Kazakh stage. This is a performance about a Man whose life has become a Legend, this is a performance about the national treasure of the Kazakh people - about an extraordinary and gifted Personality, a Citizen, an Enlightener, a Scientist, a brilliant Poet and our countryman - Magzhan Zhumabaev, whose 125th birthday this year is widely celebrated by the world community .

The events of the performance are not subject to chronology, but to the associativity of memory. We see Magzhan through the eyes of Magzhan himself, in front of the viewer are real characters whom Magzhan allows to argue with himself about life and death, honor and meanness, love and hate, about the delightful and base falls of the human soul.

The brightest star of Magzhan shone in the sky of Kazakh poetry. Now there is a new flowering of his glory. The people again found their great son, his immortal works, in which the violent flame of life, the high impulses of a pure human soul, the dramas and tragedies of the harsh and cruel era that fell to his lot were sung. The name of Magzhan will live for centuries. And his creative heritage, which was once forbidden to be spoken aloud, has become part of a large and rich history of the entire Turkic-speaking world. And today, it proudly sounds from the lips of the younger generation.

Magzhan Zhumabayev's first poem "Yesterday's Situation of a Kazakh" was published in 1912 in the collection "Uzuk". In the same year, the first collection of his poems "Sholpan" was published. This book demonstrated that a talented poet of a new formation appeared in Kazakh literature, writing in line with modern European literature. Time has shown that he became the founder of a new Kazakh poetry. He brought a strong lyrical beginning, the poetics of symbolism, existential motifs to Kazakh poetry, and diversified genre forms.

M. Zhumabaev initiated the creation of the literary association of Kazakh writers "Alka". This idea was not destined to be realized, since the Bolsheviks recognized this initiative as a manifestation of nationalism, a cover for underground activities and a hidden attempt by the Alashordans to harm the Soviet system.

Literature along with the cry "Wake up!" began to remember the past history of the people. Past exploits were glorified not in order to revive the past in the same form, but in order to create a new life, new dreams. But they didn't have time to sing, they just started to sing. And so, when our literature was in this position, a new great revolution broke out.

Scientific and practical pedagogical activity of M. Zhumabaev The time of the formation of his pedagogical views coincided with the period of a radical break in the way of life and consciousness of the Kazakhs. He actively participated in social and political life: he worked on the organization of Kazakh schools, was engaged in the training of teachers, compiling textbooks, teaching aids, curricula and programs, methodological recommendations. The scientific and practical pedagogical activity of M. Zhumabaev was caused by the need for a scientific definition of the principles, content and direction of education, the development of the theory and methodology of education and training in Kazakhstan.

Annotation. The literary heritage of Magzhan Zhumabayev has withstood the test of time, it organically entered the history of Kazakh poetic culture, making up its integral part along with the work of other classics. Justice has prevailed. The multifaceted work of Magzhan, who died in the prime of life and talent during the period of the cult of personality, has now returned to the Kazakh people, who, by the way, never forgot about their great son, and sparkled with new facets.

# Ұлт құндылығы- ізгі ұрпақ



**_ҚАРАТАЙ Гүлнұр Абдуллақызы,_**
**_Ә.Бөкейханов атындағы №23 жалпы орта мектебінің кітапханашысы._**
**_Түркістан облысы, Кентау қаласы_**

*Кітап, кітапхана мәңгілік парасаттың*
*ең киелі ғимараты.*
*Ә.Кекілбаев*

Кез-келген мекеме болсын жетістігі мен жақсы нәтижеге жетуі басшыға байланысты. Үздіксіз дамып келе жатқан цифрлық жүйеде басшының ең негізгі мақсаты – түлегі мен оқырмандарға қолайлы және оңтайлы жағдай жасау, заманауи стандартқа сай орта құру. Осы мақсатта мектеп басшысы Кулахметова Кадиша Алжанқызының қолдауымен ақпанның сегізінші жұлдызында Ә.Бөкейханов атындағы №23 жалпы орта мектебінде «Coworking» орталығының салтанатты ашылуы өткізілді. Лента кию рәсіміне Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің бас маманы Абишева Майра Нұрғалиқызы, Кітапхана ісі әдіскері Ерназарова Мұқадас ханым, «Қалалық Әжелер алқасы» арнайы келді. Қонақтарды қазақтың киелі домбырасымен қаламыздың дәстүрлі әншілері Сайдуалива Шакизат, Маханбетиярова Шолпан ханым әсем әуенмен қарсы алды.

«Coworking» орталығын мектеп кітапханашысы Гүлнұр Қаратай таныстырып шықты. Коворкинг орталығы бірнеше бөлікке бөлінген: жұмыс орын – интернетке қосылған компьютер, скайп, семинар, тренингтер өткізетін орталық оқырмандарға тиімді тегін интернет желісіне қосылу мүмкіндігі – WI-FI және Электронды кітапхана QR кодты кітаптар. Оқырмандар ұялы телефонын пайдаланып QR кодпен қалаған оқулықтарды, автор шығармаларын оқи алады. 500-ден астам автордың еңбектері, түрлі ертегілер QR коды бар екендігін атап өтті.

Ашылу «Ұлт құндылығы» атты концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.5 «в» орыс бөлімінің оқушылары «Песня о книге» жанды дауыста орындап шықты. «Кітап жанашыры» атты көрініс көрсетіліп мектеп кітапханашысы «Оқулықты күтіп ұста» - деп өз оқырмандарына үндеу білдірді. Кітапхананың үздік оқырманы Орын Мереке мен Темірхан Жаннұр «Кел, досым кітапханаға» әнін шырқады. Өз кезегінде «Қалалық әжелер алқасы» мүшелері ізгі ниет, тілектерін айтып бастаманың керемет нәтижесін көріңдер деп өз батасын берді. Ашылуға келген мектеп кітапханашыларымен түрлі ойындар ойнатылып, іс шара соңын мектеп директоры Кулахметова Кадиша Алжанқызы «Құрметті әріптестер, түлектер кітапханадағы коворкинг орталығы коммуникативтік алаң, сіздерге тиімді жағдай қалыптастыру - біздің азаматтық парызымыз, сондықтан бәріңізді осы алаңға келуге шақырамыз» - деп қорытындылады.





# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

***АЛДАШУКИРОВА Зейнеп Дархановна,***
***N2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Келес ауданы***

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңарулар ең алдымен білім алушының зияткерлік, мәдени, рухани жағынан дамуына мүмкіндік береді. Бастауыш сынып пәндерінде оқу бағдарламасы білім алушыны шынайы ізденіске жетелеп, жан-жақты дамуына, жағдаятты анықтауды талап етеді. Баланы ойлауға, өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеуге, талдау жасауға талпыныс беру – ұстаз алдында тұрған міндет. Бастауыш сынып оқушысының тұлғасы, санасының дамуы қатар жүретін кезең мектеп қабырғасының алғашқы қадамынан басталатындықтан, қиын да жауапты іс әрине бастауыш сынып мұғаліміне жүктеледі. Осы орайда оқу үрдісін дамытып яғни білімнің жаңа үлгісін меңгеріп, сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияны сабаққа тиімді пайдалана білу керек деп ойлаймын.

Бастауыш сыныптағы оқу бағдарламасы спираль тәріздес құрылымға негізделгендіктен оқушы игерген дағдысына, зерттеген мәселесіне қайта оралып отырады, ол сыныбы жоғарылаған сайын күрделене түседі. Бұл мәселелер оқушының қызығушылығын арттырып, өз бетінше шешімін табуға және заңдылықтарды зерделеуін қажет етеді, сол арқылы білімін жетілдіруге, белсенді оқуына ұмтылдырады. Сабақты түрлендіру арқылы қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінуде, жалпыадамзаттық және мәдени құндылықтарды негізге ала отырып, оқушыларға оқудағы, өмірдегі мәселелерге көңіл бөлуге, шешуге, білімді шығармашылықпен қолдануға, зерттеу жұмыстарын орындауға, өзін өзі бағалауға, топта, жеке жұмыс орындауға негіздейді. Бастауыш сыныптағы сабақтарда оқушының ойлау қабілетін, өз бетімен ізденісін ашуға болатыны аңғарылады. Орыс психологы Лев Выготский сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты деп жазған. Сөйлеу үдерісі бізге дүниені тану үшін қолданылатын ойларымызды айту және тұжырымдамаларды дамыту арқылы білім алуымызға көмектеседі. Демек түсінуді дамыту үшін сөйлеу қабілеті өте маңызды. Бұл орайда сабақта «Уақыт шеңбері» тәсілін қолдану өте тиімді деп ойлаймын. Бұл үшін орындықта шеңбер құра отырып, допты келесі оқушыға беріп, уақыт шеңберіндегі құрылымды, ережені сақтай отырып, әр оқушыға өз эмоциясын, қорғауға, лайықты тапсырманы дайындауға мүмкіндік туады. Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже-талқылауға барлығы түгел қатысуы қажет. Ал бұл өз кезегінде ойлауға, сөйлеуге, пікірлермен санасуына, дәлелдеуге жол ашады. Біз қолданып жүрген жаңа технологиялар оқушының жасына, мүмкіндігіне қарамастан тұлға ретінде қабылдауға жол ашады. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болғандықтан бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды. Яғни білім алушылардың дамуы үшін, достық қарым-қатынас ортаны құруы қажет. Осы орайда сабақта қолданатын «Стоп кадр», «Ойлаудың алты қалпағы», «Тыңдап отырған үштік», «Еркін талқылау», «Жұптасып-ойлан-бөліс» тәсілдері тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс жасай білуге, өз бетімен дәлелдеуге, идеяларды білдіруге, тыңдау машықтарын дамытуға құрымдалған жаттығулар өз нәтижесін береді. Күнделікті қолданып жүрген «Өкіл» тәсілі белсенді тыңдауға, қауым алдында сөйлеуге, анық баяндауға, тәжірибе алмасуға өте қолайлы. Бұл тәсілде топ тапсырманы орындап болғаннан кейін, әр топтан бір адам «өкіл» ретінде таңдалып, түсіндіріп, жинақтап, басқалардың идеясын анықтау үшін басқа топқа жіберіледі, қайта оралып, өз тобына хабарлайды. Осы тәсіл арқылы менің оқушыларымның ойлау, сөйлеу, зерттеу, дәлелдеу мәдениеті ашылғанын байқадым. Ал оның нәтижесі аудандық бастауыш сыныптар арасындағы жарыстарда топ жарып келетіндігі. Бастауыш сынып оқушысының ойлау, зерттеу қызметін оң мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызды болып саналғандықтан заманауи әдіс-тәсілдермен оқыту мен үшін де күнделікті дағды болып қалыптасты. Білім беру үдерісінің нәтижелі болуына, алдымда отырған жиырма оқушының өздігінен ізденуге, меңгерген білім-дағдыларын өмірде қолдана білуге, зейін қойып, зерделей білуге, білім аясын кеңейе беруіне өз үлесімді қосудамын деп нық сеніммен айта аламын.

# ӘЛ ФАРАБИ САЗЫ МУЗЫКА ӘЛЕМІНДЕ



***САРМАНТАЕВА Аякуз Мыктыбековна,***
***«Төрткүл» жалпы орта мектебінің***
***музыка пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Ордабасы ауданы***

«Табиғат дүниесіндегі сұлулықтың ғажабы аспан шырақтарында, ал жердегі дыбыс сұлулығы –ән, күй сазында» - дейді шығыс философы, музыка зерттеушісі, ғұлама ғалым Әбунасыр әл-Фараби. Музыка да ғылымның бір саласы екені баршамызға аян. Музыканың тілі арқылы біз табиғаттың әртүрлі көрінісін, жыл мезгілдерін, жануарлардың іс-әрекеттерін адамның мінез құлқын, қайғы-қуанышын мына бір таңғажайып әлемдегі тылсым тіршілік үнінін естіп, тыңдап, жеткізе аламыз. Музыка дегеніміз - өмірдің бір бөлігі. Айналаға бір сәт құлақ түрсек, әлем сан алуан әуенге толып, жер бетін дыбыс кернеп тұрғандай, әлем түрлі дыбысқа толы. Бірақ, дыбыстың бәрі музыкалық дыбыс, бәрі де адам өміріне қызмет етеді деу қателік. Дыбыстың ең жоғары қызметі адамға эстетикалық ләззат, рухани азық сыйлау. Мұндай қызметті музыкалық дыбыс қана атқара алады. Музыкалық дыбыс - өзіндік мәні мен маңызы, қадірі мен қасиеті, ерекшелігі бар дыбыс. Мәні – адамның аңсаған арманы, қуанышы мен күйінішин, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы санаңа жеткізіп, жүрегіңе құйып беретіндігінде. Маңызы – сиқырлы да сүйкімді ырғақтармен, тебіреністі тербелістермен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелейді. Музыка құдіреттілігіне тоқтала кетсем мына бір аңызды айта кетсем деймін. Әбунасыр әл-Фарабидің заманында шығыс патшаларының бірінің сарайында той думан қызып, бек-патша, бай манаптарды жиып, тамаша жиын құрыпты. Сол жиынға Фараби де қатысыпты. Көңіл көтеріп елірген қауым Фарабиге ілтипат көрсете қоймайды. Шыдамсызданған Фараби бір шетке шығып домбырасын қолына алып, аса мұңды күй тартады; оның мұңдылығы сонша жұрттың бәрі ойын-сауықты тастай салып, уайымға беріліп, егіліп жылайды; енді бір сәт аса бір қуанышты, көңілді күйде ойнап жөнелгенде әлгі жұрт еңселерін бірден көтеріп балаша билеп, сықылдап күледі. Мұнан соң Фараби жаймашуақ бір сарынды, қоңыр ырғақты күйді ойнағанда отырғандар музыка әуеніне елітіп, бірі қалмай ұйықтап қалады. Оларды ұйықтатып тастап, Фараби жайына жүріп кетеді. Музыка ғылымына тереңірек үңілер болсақ ,ол жеті қабат аспан әлемінің қозғалысындағы үндестікті түсіндіреді, қозғалыс бар жерде жарық, жарық бар жерде дыбыс бар екенін дәлелдейді. Жеті музыкалық нота аптаның жеті күні, жеті қат аспан әлемі, жеті қат жер қыртысына теңеледі. Жалпы, қазақ дүниетанымында жеті саны киелі, қасиетті болып саналады.

Әбу Насыр әл-Фараби (873—950) ежелгі Отырар қаласында туған. Ол іргелі еңбектер жазып қалдырды. Музыканың теориясы мен тарихы жөніндегі зерттеулерінде әл-Фараби көптеген ойшылдардан асып түсті. «Китаб әл-мусики әл-кабир» («Музыканың ұлы кітабы») деп аталатын еңбегі жарық көрген, сондай-ақ оны дүние жүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» деп таныды. Әл-Фараби музыкалық аспаптарда шебер орындаушы болды, жанынан ән-күй шығарды, музыканы зерттеді, аспаптардың жаңа түрлерін өзі ойлап тауып, жасап шығарды және жетілдірді, өз замандастары қобызшы Нышан Абызбен, аты аңызға айналған күйші Қорқытпен таныс болған. Олардың орындауында «Құс жолы», «Жез табақ», «Сыр сандық», «Желмая» күйлерімен танысады және осы күйлердің әсерімен «Шұбар айғыр» күйін шығарады.

Музыка теориясы саласында әл-Фараби араб философы әл-Киидидің, (800—879) еңбегімен танысады. Әл-Фарабидің музыкалық аспаптар жөніндегі еңбектерінің маңызды болатын себебі, ол өз заманындағы музыкалық аспаптарды зерттегендігінде еді. Олар: үрлеп тартылатын: най, сыбызғы, қыпшақ; ішекті уд, чанг, рубаб, шахруд, дутар, қобыз, танбур, канун; ұрып ойналатын нагора, тыйбл, дойра және басқалар. Ол жазған аспаптардың кейбірі бұл күнде жоқ немесе жетілдіріле келе дәуір өзгерген. Әл-Фараби көне музыкалық аспаптардың шығу тегін табиғаттағы дауысқа балап соны қайта жаңғыртумен байланыстырады. Мысалы, құмның сусылы, үңгірлерде желдің уілдеп соғуы, қамыстың сыбдыры т.б. Қазақтың үскірік аспабының аталуы желдің үскіріп соғуына байланысты туған. Ал, ұрып ойналатын аспаптар негізінен ағаш пен көн теріні, сүйекті пайдалану негізінде дамыған. Мүйізден, қамыс сабағынан үн шығару үрлеп тартылатын аспаптардың бастамасы еді. Шығаратын үнінің ақырын немесе қатты естілуіне, сондай-ақ сыр-

сипатына қарай музыкалық аспаптар тұрмыста түрліше дамып отырған. Бұл жайында әл-Фараби: «Соғыстар мен шайқастарда пайдаланатын; би, үйлену тойы, сауық-сайран үшін қолданылатын және махаббат жырларын сүйемелдейтін аспаптар болады»- деп жазған. Үрлеп тартылатын аспаптардың ащы даусын және ұрып ойналатын аспаптардың күшті даусын ұрыстарда, аңға шыққанда, шамандардың бақсылық құру кездерінде пайдаланған. Кейбір үрлеп тартылатын және ішекті аспаптарда музыканттар құстың сайрауын, аңдардың ақыруын, табиғатта болатын басқа да түрлі дауыстарды шебер сала білген, сондай-ақ әншінің салған әнін айнытпай келтірген. Әл-Фараби орта ғасырларда негізінен вокальдық музыканың дамығандығын айтқан. Әншілер шертіп ойналатын және ысқышты аспаптардың ішектерін бір сарынмен даңғылдатып сүйемелдей отырып ән салған. Аспаптар тым қарапайым болған-дықтан оларда ойнау мүмкіншіліктері де шектеулі болған, сондықтан әншінің, мың құбылтқан әндерін сүйемелдеуге бұл аспаптар жарамаған. Әл-Фараби адамның, даусын ең жетілген және табиғи аспапқа балаған, басқа көне аспаптардың бәрі жетілдірілмеген деп санайды да, оларды аспаптың жасанды түрлеріне жатқызады. Әл-Фараби арфаның шығу тегі садақ деп жазады. Әуелгі кезде оған екі ішек қана тағылған, кейін он үшке дейін жеткен, жаңғырық шығаратын шанақ пен құлақтар орнатылған. Әл-Фарабидің, айтуынша, көне арфаның басы мен шанағы аққудың бейнесінен аумайды екен, ал шығаратын даусы аққудың қиқулаған үніндей болыпты. Арфа тектес көп ішекті аспаптың диапазонын кеңейту үшін әл-Фараби ішектің, санын көбейту керек деп тапқан. Әл-Фараби шертіп ойналатын аспаптардың бәрін екі түрге бөледі: а) әрбір ішегі бір ғана үн шығаратындар - арфа, канун; б ) ішекті мойынға басып тарту арқылы түрлі үн шығаратындар - уд, дутар, танбур. Музыкалық аспаптардың екінші түріне жататындар туралы ғалым былай деп түсіндіреді: «...белгілі бір бөлікті саусақпен басып ойнау арқылы қажетті нотаның, бәрін де ала аламыз...» Арфа, уд, және чанг сияқты аспаптар ежелгі түркі елінде құңқау, күнқу, етиген деген атаумен аталған. Әл-Фарабидің суреттеп жазуына қарағанда танбур бес першелі болған. Ол аспаптан шығатын екі дыбыс аралық үнді құлаққа жағымды келетін және жағымсыз деп бөледі. Мұнымен қатар ғалым дыбыстың жақсы шығуына аспап конструк-циясының әсері жөнінде, шанақ пен астыңғы және үстіңгі қақпақтардың үні икемделіп келу ерекшеліктері туралы бағалы деректер келтіреді. «Өзінің табиғаты, өзінің құрылысы жөнінен,- деп түсіндіреді ғалым, аспаптардың шанағы пернелерді басқанда шығатын ноталарға қосақтала отырып өзі де үн шығарады...» «Хорасан танбурының түрі, көлемі де әр түрлі болып келген. Оның мойнында шайтан тиек тұратын жерде екі тесік болған, олар арқылы ішек өткізілген. Ішек мойнының ұшында бір-біріне қарама-қарсы орналасқан құлаққа оралған». Хорасан танбурында перне саны түрліше болған. Орындаушының шеберлік дәрежесіне, инструменталдық музыканың дамуына қарай перне саны он сегізге дейін жеткізілген. Шертіп ойналатын аспаттарды оң немесе теріс бұрауға келтіріп, гамма тартып шығу үшін бірінші позицияға төрт перне байласа болғаны. Әл-Фараби анағұрлым жетілдірілген ішекті аспаптар жасап шығару мәселесін қозғай отырып, оларды жетілдірудің жолдары жайында айта кетеді. Әл-Фараби най, қыпшақ сияқты үрлеп ойналатын аспаптарды, олардың бір-біріне ұқсас тұстары мен айырмашылықтарын егжей-тегжейлі зерттейді. Үннің, дауыстың неден пайда болатынын, қалай шығатынын теориялық жағынан негіздей отырып, ғалым барлық үрлеп ойналатын аспаптарда үннің шығу сипаты түтіктің ішкі қуысының көлеміне байланысты болатынын дәлелдейді. Түтіктің ішкі қуысы деп, оның орындаушы үрлейтін жоғарғы ұшындағы тесіктен бастап, түтіктің үрлеумен пайда болған дауыс сыртқа шығатын жеріне дейінгі аралық аталады. Әл-Фараби ұрып ойналатын аспаптарды даусы тым қатты шығатын, адамның құлағын тұндырып жіберетін ащы дауыстылар қатарына жатқызады және олардың көбінесе ұрыс-соғыс жағдайларында қолданылатынын айтады. Сөйтсе де, әл-Фараби оларды музыкалық аспаптар қатарына жатқызған. Бұған дәлел, оның мына сөзін келтірелік: «Дойра, танбура, нагора ойнау, әуен ырғағымен қол қағу, би, ырғаққа негізделген мимика - осылардың бәрі музыка саласына жатады».

Адамдардың көңіл-күйі, ой-арманын білдіру үшін қызмет еткен музыкалық құралдардың ішінде халық әндері әрқашан басты роль атқарған. Ал енді сүйемел-деуші музыкалық аспаптарды жетілдіру ісі вокальдық музыкамен тығыз байланысты. Әншілер аспаптардың шектеулі орындаушылың мүмкіншіліктерін адам даусының мүмкіншіліктеріне жақындатуға тырысқан, сондықтан егер аспаптың белгілі бір кемшілігі болса, ондай кемшілікті бірте-бірте ептеп жойып отырған; міне, осылайша уд және басқа аспаптар біржола жетілдіріл-ген». Орта ғасырларда қолданылған, әнді сүйемелдеуші музыкалық аспаптардың ролін әл-Фараби былайша сипаттап жазған екен: «...аспапта сүйемелденетін вокальдық музыка мейлінше құлпырып, байи түседі, құлаққа жағымды естіліп, жүрекке жылы тиеді және поэзиясы мен ырғақтылығының арқасында оңай жатталады...» Аспаптық музыканың (күй) өмірге келуі, дамуы аспаптардың өздерін жетілдірумен қатар жүреді. Олар кейде ән салу ережелерінен ауытқи отырып, әлгі ноталар мен әуендерді қолданатын болды, сөйтіп олардан баға жеткісіз пайда тапты». Одан әрі ғалым өз пікірін дамыта келіп, былай деп толықтырады: «Аспаптық музыканың өзі адам даусын қаншалықты келтіре алатын болса, соншалықты дәрежеде әнге қосылады. Ол адам даусын сүйемелдейді және түрлендіріп байытады немесе прелюдия мен интермедия рөлін атқарады. Интермедия-лар әншінің тыныс алуына көмектеседі; сонымен қатар олар дауыспен келтіре алмайтын әуенді келтіріп, музыканы толықтырады».

Музыкалық аспаптарда ойнаудың өзіндік екі немесе үш дауысты аккордтар трельдер, форшлагтар, күрделі ырғақтар үлгісі пайда бола бастайды, ал бұларды адам даусымен келтіру көбінесе өте қиынға соғады, тіпті адам даусын мүлде келтіре алмайды десе де болады. Міне, осы себепті вокалдық және аспаптық музыка арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалуда, ал мұнын, өзі, түптеп келгенде, күйдің пайда болуына әкеліп соқты. Қазақтың домбыра және баска да музыкалық аспаптары күйлердің дамуымен бірге жетілдірілген. Домбырада жаңа нернелердің пайда болуы халық өнерпаздарының интонациялық ойнау қабілетінің өскенін бейнелейді. Әдетте, жаңа перне өзінде тұңғыш рет ойналатын музыкалық шығарманың немесе автордың атымен аталып отырған. «Китаб әл-мусики, әл-кабир» еңбегі жазылғаннан бері 1100 жылдан астам уақыт өтті. Алайда, әл-Фарабидің бұл ұлы кітабы, музыка зерттеу ғылымы үшін күні бүгінге дейін өзінің баға жеткісіз құнын жойған жоқ. Ол Шығыс халықтарының сонау бағзы замандағы музыкалық мәдениетінен мағлұмат беріп, біздің білімімізді кеңейте түседі. Әл-Фарабидің ғылыми еңбектерінің қайталанбас маңызы адамзаттың ғылыми ойы тарихынан өзінің лайықты орнын алуға тиісті, ал Қазақстандық ғалымдардың міндеті осы игі іске қолдарынан келгенше үлес қосу.



# ТОПЫРАҚТЫҢ ҚАНДАЙ ҚАСИЕТІ БАР?

***КУЛАХМЕДОВА Гулжан Алдабергеновна,***
***№90 Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.***
***Шымкент қаласы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 3.3.4.3 - топырақтың негізгі қасиетін анықтау;<br>3.3.4.4 - топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** Топырақтың негізгі қасиетін анықтап, топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттей алады;<br>**Көптеген оқушылар:** Топырақтың түсінің өзгеруіне әсер ететін заттарды атай алады;<br>**Кейбір оқушылар:** Топырақты құнарландыру жолдарын атай алады. |

Сабақтың барысы

| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру, Өзін-өзі тексеру**<br><br>**5 минут**<br><br><br><br><br><br>**5 минут** | **Ынтымақтастық атмосферасы.**<br>**Топқа бөліну.**<br>**Өтілген тақырыпты еске түсіру.**<br>**«Мөлдір тамшылар» әдісі** арқылы жүреді:<br>- Топырақ дегеніміз не?<br>- Топырақтың құрамына нелер кіреді?<br>- Өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары не деп аталады?<br>- Топырақтың құрамын қалпына келтіру үшін не жасауға болады?<br>**Оқу материалын жариялау**<br>**«Анаграмма» әдісі** арқылы жүреді:<br>- Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарыңдар.<br>Раэлищнтопырақтыңштбгвдпщнқандайп дпиужптндпбқасиетіаэщнмбарқшсн<br>- Қандай сөйлем шықты?<br>- Топырақтың қасиеті дегенді қалай түсіндіңдер?<br>- Топырақтың құрамында не бар?<br>**Сабақ мақсаты жария етіледі.** | Ширату жаттығуларын орындайды<br><br>Топқа бөлінеді<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Тақырыпты шығарады<br><br>Сұраққа жауап береді | <br><br><br><br><br><br>Оқушыларды «Ауызша мадақтау» әдісімен бағалау<br><br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа білім**<br>**5 минут**<br><br><br>**2 минут**<br><br>**8 минут** | **Жаңа тақырыпты түсіндіру**<br>Бейнебаян тамашалау.<br>Жаңа тақырып бойынша сұрақтар қою**.**<br>**Сергіту сәті**<br>Жасырын сурет.<br>**Тәжірибе жасау**<br>**1-топ:** Бір уыс топырақты алақаныңмен қыс. Не өзгерді?<br>**2-топ:** Тас пен топырақты су құю арқылы су сіңіру қасиетін анықтау;<br>**3-топ:** Топырақтың құрамын үлкейткіш әйнек арқылы анықтау;<br>**4-топ:** Топыраққа су құю арқылы топырақтың  құнарлы қабаты шайылатынын анықтайды.<br>**Жұптық жұмыс**<br>2-тапсырма | Бейнебаянды тамашалайды<br><br><br><br>Сурет салады<br><br><br><br>Тәжірибе жасайды<br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Жұпта жұмыс жасайды, тест | <br><br><br><br>От шашу арқылы бағалау<br><br><br><br><br><br><br>От шашу арқылы бағалау<br><br>Смайлик арқылы бағалау | Интерактивті тақта<br><br><br>Топырақ, саз топырақ, шыны ыдыстар, су, тас, үлкейткіш әйнек<br><br>ноутбуктар<br><br>А-3 қағаз, желім, маркер |
| <br><br><br>**Бекіту**<br>**5 минут**<br><br><br><br><br>**10 минут** | Тест тапсырмаларын АКТ арқылы (Kahoot) **«Ойлан, жұптас» әдісімен** орындайды.<br>**Топтық жұмыс**<br>1-топ. Топырақ құрамын жазады.<br>2-топ. 5-жолды өлең.<br>3-топ. Суреттегі топырақтың құрамын болжау.<br>**Жеке жұмыс**<br>Интерактивті тақтамен тест тасырмаларын орындау. | тапсырмаларына дұрыс, нақты жауап береді<br><br>Топта жұмыс жасайды<br><br><br>Жеке жұмыс жасайды | | <br><br><br><br>Интерактивті тақта |
| **Кері байланыс**<br><br>**5 минут** | **Кері байланысты «Білім баспалдағы» әдісі** арқылы береді.<br>**Үй тапсырмасы:** Мәтінді түсініп оқу, «топырақты қалай қорғаймын» атты тақырыпта эссе жазу. | Түсінгені туралы ой қорытады<br><br>Тапсырманы жазып алады | | Баспалдақ, смайлик |



# СУДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

***ЕЛТОКОВА Гаухар Кыпшакбаевна,***
***Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Жетісай ауданы***

| | | |
|---|---|---|
| **Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:** | 2.2.1.1 – мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу;<br>2.3.3.1 – шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну. | |
| **Сабақтың мақсаты:** | - өлеңді түсініп оқиды;<br>- өз ойын      суреттерді пайдаланып түсіндіреді. | Білу, түсіну, қолдану, талдау. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңдері/ уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 минут** | **І. Ұйымдастыру.**<br>Сәлемдесу<br>Психологиялық дайындық. | **Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты. | Мадақтау сөздер<br>Жарайсыңдар! | и/б тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Топқа бөліну**<br>**«Интернет» әдісі.**<br>«Тик-ток» тобы<br>«инстаграм» тобы<br>«ватзап» тобы<br>«телеграм» тобы | Жарқырайды күніміз,<br>Көңілдіміз бүгін біз.<br>Самал жел бізді желдетші,<br>Күн нұры бізді жарқырат.<br>Таза ауа бізге дем берші,<br>Мөлдір су бізді салқындат.<br>А4 парағының артында 1 саны жазылған оқушылыр Tik-tok тобына, 2 саны жазылған оқушылар Instagram тобына, 3 саны жазылған оқушылар Telegram тобына, 4 саны жазылған оқушылар Whats app тобына бөлінеді. | | <br> |
| **Сабақтың ортасы 25-30 минут** | **ІІ. Үй тапсырмасын сұрау.**<br>Мәтінді түсініп оқу.<br>Өткен сабақты пысықтау.<br>**«Сұрақ менен, жауап сенен» әдісі**<br>1. Лондонда он екі баланы өрттен аман сақтап қалған не?<br>2. Боб қызды өрттен қалай құтқарды?<br>3. Өрт неден шығуы мүмкін?<br>4. Өрт шыққан кезде не істеу керек?<br>5. Электр бағаналарын ұстауға бола ма?<br>6.Өрт болған жағдайда қандай нөмерге қоңырау шалу керек?<br>**«Қара жәшік» әдісі** арқылы жаңа тақырыпты ашу.<br>**Мағынаны тану.**<br>**Түсіну. Біліп ал.**<br>**1-тапсырма**. Су адам денсаулығына өте пайдалы. Ұйқыдан оянғанда су ішу керек. Суды отырып ішеді. Ғалымдар тұрып су ішудің адамға өте зиянды екенін анықтады.<br>**Автор туралы мәлімет.**<br>**Бейімбет Майлин** (1894–1938)<br>**Оқылым. 2-тапсырма.**<br>Түсініп, мәнерлеп оқы. «Жаңбыр»<br>**Айтылым.**<br>**Топтық жұмыс**<br>**«Тик-ток» тобы.** Өлеңге сүйеніп, жаңбырдың пайдасы туралы айтады, өлеңге сүйеніп суреттерден аппликация жасайды.<br>**Қолдану. Суретпен жұмыс.**<br>**«Инстаграм» тобы.** Қатты жауған | Мәтіннен түсінгендерін айтады<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>1-Тапсырма<br>Су жайлы ақпараттарды есіне сақтайды<br><br>ЕБҚ-Мәліметті түсініп оқиды<br>https://youtu.be/4Fx02SPpDQY<br>2-тапсырма. Өлеңді түсініп оқиды<br><br>**«Тик-ток» тобы** Жаңбырдың пайдасы туралы баяндайды<br>ЕБҚ-Өлеңге сүйеніп жаңбырдың пайдасы туралы айтады, өлеңге сүйеніп суреттерден аппликация жасайды.<br>**«Инстаграм» тобы** Қатты | **Дескриптор:**<br>1. Мәіннен түсінгендерін айтады<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>**ҚБ:**Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс!<br><br>**Бағалау критерийі:**<br>Өлеңді түсініп оқиды;<br>**Дескриптор**:<br>Су жайлы ақпараттарды есіне сақтайды.<br>**ҚБ: «Отшашу»**<br>**Бағалау критерийі:**<br>Өз ойынды суреттерді пайдаланып түсіндіреді.<br>**Дескриптор**:<br>Жаңбырдың пайдасы туралы баяндайды.<br>ҚБ: «сызғыш»<br><br>**Дескриптор**:<br>Қатты жауған | и/б тақта<br><br>Әдебиеттік оқу оқулығы. Алматы «Атамұра» 2022 жыл<br><br>Әдебиеттік оқу оқулығы. Алматы «Атамұра» 2022 жыл<br><br>Әдебиеттік оқу оқулығы. Алматы «Атамұра» 2022 жыл, |
| | жаңбырдың зияны да бар. Суретке қарап әңгімеле.<br>**«Телеграм» тобы.**<br>Жаз мезгіліндегі судың қауіпсіздік ережелерін айтады.<br>**«Ватзап» тобы.**<br>**Қыс мезгіліндегі судың қауіпсіздік ережелер туралы айтады.**<br>**Сергіту сәті**<br>**«Жау, жау, жаңбыр» әні**<br>**Ой қозғау.**<br>Мақалды жалғастыр.<br>1. Сулы жер - ..... (нулы жер)<br>2. Судың да, .... ....( сұрауы бар)<br>3. Бұлақ көрсең ....( көзінді аш)<br>4. Су бергеннің сауабы бар,....(Су төккеннің жауабы бар)<br>5.Су - ....( тіршілік көзі) | жауған жаңбырдың зияны туралы айтады.<br>**«Телеграм» тобы**<br>Жаз мезгіліндегі судың қауіпсіздік ережелерін айтады<br>**«Ватзап» тобы**<br>Қыс мезгіліндегі судың қауіпсіздік ережелер туралы айтады.<br>https://youtu.be/N9vGZYTiFbg<br><br>Оқушылар «Мнемотехника» әдісі арқылы мақалдың жалғасын табады. | жаңбырдың зияны туралы айтады.<br>ҚБ «бағдаршам»<br>**Дескриптор:**<br>Жаз мезгіліндегі судың қауіпсіздік ережелерін айтады.<br>ҚБ «бағдаршам»<br>**Дескриптор:**<br>Қыс мезгіліндегі судың қауіпсіздік ережелерін айтады.<br>ҚБ «сызғыш» | <br>**Жаңбыр**<br>Бұлт ыдырап, жел тынып,<br>Майда жаңбыр бүркіп тұр.<br>Ойпаң жерлер кенеліп,<br>Шалшық суды іркіп тұр.<br>Ой мен қырдың шалғыны,<br>Жатқан малды жасырсын.<br>Табиғаттың көгіне<br>Таңғалып жан бас ұрсын!<br>*Бейімбет Майлин*<br>Әдебиеттік оқу оқулығы. Алматы «Атамұра» 2022 жыл,<br><br> |
| **Сабақтың соңы 10 мин** | Үй тапсырмасы<br>6-Тапсырма «Судың қаупі» тақырыбында сурет салады.<br>**Рефлексия** | Сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. | Өз әрекетін бағалайды | **«Кері байланыс»**<br>**«Білім гүлі»** |



# МУЗЫКАДАҒЫ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

***ЫБЫРАЕВА Жанар Амирхановна,***
***Жамбыл атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты:** | Көркемдеуші құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтайды және салыстырады. |
| **Сабақтың барысы:** | |

| **Сабақтың кезеңі (уақыты)** | **Педагог әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**20 минут** | **Амандасу.**<br>**1-тапсырма. Ойтолғау.**<br>Сен сабақ барысында музыкадағы су, жел, от, табиғат құбылыстарымен танысасың. От біздің өмірімізде аса маңызды. Адам отсыз өмір сүре алмайды. От ежелден өмірдің және жылылықтың символы болып есептеледі.<br>• Адам өмірінде оттың қандай маңызы бар?<br>• Оттың пайдасы мен зияны қандай?<br>• Оттан сақтану үшін адам не істеу керек ?<br>• Отқа қатысты қандай әндер мен тақпақтар білесің? | Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді. | Платформа жүйесінің пайыздық есептеу нәтижесі | Оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**15 минут** | **2-тапсырма. Музыка тыңдау. Зерттеу. Талдау.**<br>Прометей<br>(«Поэма огня» – «От туралы поэма» симфониялық поэмасынан үзінді)<br>Музыкасын жазған: А.Н. Скрябин<br><br>А.Н. Скрябиннің «Прометей» («Поэма огня») симфониялық поэмасы 1910 ж. жазылған. Ғылыми мәліметтерге қарағанда, поэманың негізіне Прометей туралы ежелгі грек аңызы алынған. Аңыз бойынша, Прометей Олимптен отты рұқсатсыз алып кетіп, адамдарға сыйлаған. Ол адамдарды надандықтан шығарып, еңбекке баулыған, көп көмектескен. Олимптегі құдайлар осыны кешірмей, Прометейді жартасқа мәңгі байлап қойған.<br>**Жалын биі**<br>Музыкасын жазған: С. Еркімбеков<br><br>Композитор шығармасында жалынның бейнесін көрсете алды ма?<br>• Музыкада қазақтың ұлттық нақышы байқалды ма?<br>• Осы шығарманы «Прометей» поэмасымен салыстырғанда, айырмашылығы мен бірлігін неден көруге болады? | Оқушылар «От туралы поэма» симфониялық поэмасынан үзінді тыңдайды | Платформа жүйесінің пайыздық есептеу нәтижесі | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>10 минут | • Оттың бейнесін тағы қандай өнер арқылы көруге болады? Торкөздерден тауып ал:<br>Б ☐ С ☐☐☐ Т П ☐☐☐☐ Я<br>**4-тапсырма.** Əн үйрену жəне орындау.<br>**Жел**<br>*Өлеңін жазған: Н. Əлімқұлов*<br>*Əнін жазған: М. Маңғытаев*<br>Əннің мазмұнына көңіл бөл. Не туралы айтылады?<br>• Əннің екі шумағын үйрен, əн орындау талаптарын сақта.<br>• Осы əнді «Жалынбиімен» салыстыр, ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, түсінік бер.<br>**5-тапсырма. Бағалау**.<br>1. Сабақта берілген тапсырмаларды қалай орындадым?<br>2. Орындағанда қандай қиындықтарға тап болдым?<br>3. Өз дайындығымды қалай жақсартар едім?<br> | Бір -бірін бағалау<br><br>Смайликтер | Платформа жүйесінің пайыздық есептеу нəтижесі | Смайлик |

# ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ



***ЖАРҚЫНБЕКОВА Нұрсұлу Шамшидинқызы,***
***«Жиынбай» жалпы орта мектебінің***
***қазақ тілі пəні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Түлкібас ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сəйкес оқыту мақсаттары:** | 2.2.3.1 - мəтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру жəне жауап беру;<br>2.3.7.1 - сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сəйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану. |
| **Сабақ мақсаты:** | Мəтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады жəне жауап береді. Сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сəйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолданады. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің əрекеті | Оқушының əрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>**6 минут** | **Психологиялық жағымды ахуал орнату.**<br>Қазақ тілім-өз тілім-ана тілім,<br>Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім,<br>Қастерлейді ұл қызын мəңгі сені,<br>Болашағым, бақытым дара тілім.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Ынтымақтастық ережесін таныстыру**<br>Топқа біріктіру<br>1-топ: Алға!<br>2-топ: Жарайсың!<br>3-топ: Алақай!<br>**Үй тапсырмасы**. Өзіндік жеке жұмыс<br>**8-жаттығу.** Суретке қарап, мəтін құрастырып жазу.<br>**Сабақтың тақырыбы: Лепті сөйлем**<br>**Сабақтың оқу мақсаты:** Мəтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады жəне жауап береді. Сөйлем | 1. Мұғаліммен сəлемдеседі<br>2. Өлең шумағын айтады<br><br>Оқулықтағы суретке қарап, құраған мəтіндерін оқиды | Жарайсың-дар!<br><br>ҚБ<br>«Сандық<br>3 балл | 2-сынып оқулығы «Атамұра» баспасы Авторы: Г.И. Уайсова Г.Т. Сəдуақас |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолданады.<br>**Жеке жұмыс. Ширату сұрақтары...**<br>- Сөйлеу дегеніміз не?<br>- Біздің сөйлеуіміз неден тұрады?<br>- Сөйлемнің бірінші сөзі қандай әріппен жазылады?<br>- Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?<br>- Лепті сөйлем дегеніміз не?<br>Тақырыпқа қатысты бейнеролик көрсету.<br>«Лепті сөйлем» | Оқушылар ширату сұрақтарына жауап береді | | |
| **Ортасы**<br>**8 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 минут** | **10-жаттығу.** Оқулықпен жұмыс.<br>1. Диалог арқылы мәтінмен танысу.<br>2. Ал, балалар, кейіпкерлердің дүние туралы ойын білдік. Ал, балалар, сіздердің ойларыңызша «Дүние» деген не?<br>2. Дәптермен жұмыс. Мәтіннен сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазу.<br>Мәтіннен дәптерге жазған сұраулы және лепті сөйлемдерді тауып, оқимыз, балалар.<br>**Дескриптор:**<br>- мәтінді түсініп оқып, диологке түседі-1 балл.<br>- сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазады-1 балл.<br>- ашық сұраққа жауап береді- 1 балл.<br>- пунктуациялық, орфографиялық норманы сақтайды.<br>**«TARSIA» әдісі** топтық жұмыс.<br>Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді. | Мәтінді түсініп оқиды, оқушылар диалогке түседі, мәтінге ат қояды.<br>Ашық сұраққа жауап береді.<br>Сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазады.<br>Оқушылар дәптерге жазған сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазып оқиды.<br>Оқушылардың жұмысы дескриптор бойынша бағаланады.<br>Оқушылар сұрақтың жауабын таба отырып, қима қағаздарын біріктіріп, сұрақтарға жауап береді. | ҚБ. 3 балл<br>Марапат сөздер<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Алақан әдісімен топтық балл<br> | 2-сынып оқулығы «Атамұра» баспасы<br>Авторы: Г.И. Уайсова<br>Г.Т. Сәуақас<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сұрақ-жауап, қима қағаздары |
| **7 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 минут**<br><br><br><br><br>**7 минут** | **11 жаттығу.** Мұғалім көмегімен мақалдың мағынасын ашады.<br>Оқушы тәжірибесіне, бұған дейін басқа пәндерден игерген білімдеріне сүйене отырып, сұрақтарға жауап беру.<br>1. Судың бізге қандай пайдасы бар?<br>2. Адамдар суды ластамау үшін не істеу керек?<br>**Дескриптор:**<br>- сұрақтарға жауап береді-1 балл.<br>**Сергіту сәті**<br>**«Лабиринт» ойыны**<br>**«Сиқырлы дөңгелек» әдісі**<br>1. Саған қандай кітап ұнайды?<br>2. Сенің жақсы оуыңның сыры неде?<br>3. Біздің отбасымыз өте үлкен.<br>4. Айболға мұғалім ескерту жасады.<br>5. Пай-пай, мына аттың жүрісін-ай!<br>6.Аман бол, балам, көп жаса!<br>**Дескриптор:**<br>- сұрақтарға жауап береді-1 балл.<br>**«Ашық хат» суреттер сөйлейді әдісі.**<br>**Жұптық жұмыс**<br>**Дескриптор:**<br>Суретке қарап, сұрақ құрастырады.<br>Сұраққа жауап береді-1 балл<br>**13-жаттығу.**<br>Суреттердің астындағы сөйлемдерді өзіміз оқып, суреттерге қарап, лепті сөйлем құрастыру.<br>1-топ : «Алға!» 1-сурет....<br>2-топ: «Жарайсың!» 2-сурет....<br>3-топ: «Алақай!» 3-сурет..... | Оқушылар сұрақтарға жауап береді<br><br>Оқушылар сергіп қалады<br><br>Оқушылар сөйлем түрін тауып, тыныс белгісін қояды<br><br>Оқушылар суретке қарап сұраулы және лепті сөйлемдерді құрастырады<br><br>Оқушылар суретке қарап лепті сөйлем құрайды | ҚБ 1 балл<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>ҚБ 1 балл<br><br><br><br><br><br><br><br><br>ҚБ 1балл<br><br><br>ҚБ 1 балл | Оқулық, мақал<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Лобиринт<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сиқырлы дөңгелек |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 минут** | **Кері байланыс:**<br>**Бекіту. « Пликерс QR-код»**<br><br>*Үйге тапсырма: 12-жаттығу....*<br><br>**Рефлексия «Тик Ток » әдісі** арқылы жасалады. | Оқушылар кері байланыс жасайды<br> | ҚБ оқушыларға қойылады. | |

# ҚАТТЫ, СҰЙЫҚ ЖӘНЕ ГАЗ ТӘРІЗДІ ЗАТТАР



*ТУЛЕНОВА Қалжан Полатовна,*
*С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Ордабасы ауданы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 3.3.2.1 - ауаның құрамын сипаттау;<br>3.3.2.2 - ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттау. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:** ауаның құрамын және жануды қолдайтын қасиетін сипаттай алады;<br>**Көптеген оқушылар:** заттың қатты, сұйық және газ күйін мысалдармен дәлелдей алады;<br>**Кейбір оқушылар:** тақырып бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бере алады. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру, өзін-өзі тексеру**<br><br>**Өткен білімді еске түсіру**<br><br>**8 минут** | **Ынтымақтастық атмосферасын** қалыптастыру ширату жаттығуларымен өтеді.<br>Өткен тақырыпқа шолу және жаңа тақырыпты ашу **«Жедел жауап» әдісімен** өтеді:<br>- Өткен сабақта қандай тақырыпты өттік?<br>- Дене дегеніміз не?<br>- Жасанды заттар дегеніміз не?<br>- Табиғи денелерді атаңдар.<br>- Табиғи дене дегеніміз не?<br>- Жасанды заттарды ата?<br>- Дене мен заттың айырмашылығы неде деп ойлайсың?<br>- Суреттерде нелер бейнеленген? олардың арасында қандай байланыс бар?<br>  <br>- Неліктен бір зат әртүрлі болып көрінеді?<br>- Заттардың үш күйі болады. Бүгінгі сабағымызда қатты, сұйық, газ тәрізді заттар туралы оқып білетін боламыз.<br>Сабақ мақсаты жария етіледі. | Бүгінгі күн терезеден,<br>Бізге міне тұр қарап.<br>Сондай жақсы көңіл-күймен,<br>Біз бастаймыз сабақты.<br><br>Ширату жаттығуларын орындайды<br><br>Өткен тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді<br><br>Тақырыпты шығарады | Оқу тапсырмасын орындаған оқушыны «Ауызша мадақтау» әдісімен бағалау.<br>Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау | |
| **Жаңа білім**<br>**15 минут** | **Заттың бөлшектері**<br>**«Қаламша» Ж.Ж**<br>**(Ұ) 1-тапсырма «Еркін әңгіме» әдісімен** орындалады. Дәптермен жұмыс болады.<br>А) Сөздік жұмысы.<br>Сұйық, қатты, газ тәрізді.<br>Ә) Суретпен жұмыс:<br>Заттарды ата.<br>- Оларды топтастыр. Топтарды ата.<br>Б) Зерттеу:<br>Түрлі күйдегі заттар қандай қасиеттерге ие болады? | - Сөздікті жаттайды.<br>- Сұрақтарға жауап береді.<br>- Суреттегі заттарды топтастырады.<br>- Түрлі күйдегі заттар қандай қасиеттерге ие болатынын айтады.<br>- Заттардың үдеріске дейінгі және кейінгі күйін сипаттайды. | **Дескриптор:**<br>Сөздікті жаттайды-<br>1 балл<br>- Суреттегі заттарды топтастырады- 1 балл<br>- Түрлі күйдегі заттар қандай қасиеттерге ие болатынын айтады-<br>1 балл<br>- Заттардың үдеріске дейінгі және кейінгі күйін сипаттайды-<br>2 балл | Оқулық<br><br> |

| | Қатты зат | Сұйық зат | Газ тәрізді |
|---|---|---|---|
| Пішінін қалай өзгертеді? | | | |
| Қалай сығылады? | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2 минут**<br><br>**Бекіту**<br>**15 минут** | күйін сипатта. Шай мен сүт үдеріс барысында қандай өзгеріске түсті? Оларда зат күйінің ауысуынан басқа қандай өзгерістер болды?<br>**Саралаудың «Тапсырма»** тәсілі жүзеге асады.<br>**Кейбір оқушыға:**<br>- Тақырып бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бер.<br>**Т.Ж 1-топ. Қатты заттар**<br>*«Галлерияда шарлау» әдісі*<br>*Заттың күйлері.*<br>**2-топ. Сұйық заттар**<br>*«Сәйкестендіру» әдісі Судың үдеріске түсуі*<br>**3-топ. Газ**<br>*Мәтінмен жұмыс*<br>**Сергіту сәтінде «Дәлелде» заттың үш күйі**<br>2-тапсырма Ө. Ж<br>Заттардың күйін анықта.<br>темір / су / оттек<br>әйнек / сүт / көмірқышқыл газы<br>пластмасса / өсімдік майы / гелий<br>Қорытынды<br>*Үйге тапсырма*<br>**(Т, Д) 3-тапсырмада «Бізде бір ой бар...» әдісі арқылы** жүзеге асырылады.<br>А) Ойлан.<br>Кез келген зат үш күйде бола ала ма? Қалай ойлайсың?<br>-Заттың қатты, сұйық және газ күйіне мысалдар келтір.<br>Ә) Мәтінмен жұмыс.<br>Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырып, достарыңның жауабын ал. | Әнге қосылып, билейді<br><br>- Сұраққа жауап береді<br><br>- Мәтінді оқиды<br><br>Іс-әрекет дәлелі<br><br>Оқушылар заттың күйін анықтайды | **Дескриптор:**<br>- Кез келген зат күйлерін атайды – 3 балл<br>- Мәтінді оқып, сұрақтар даярлайды-1 балл<br>- Сәйкестендіреді<br>- Судың үдеріске түсуін дәлелдемелер келтіреді | |
| **Кері байланыс 5 минут** | **Кері байланысты «Қаламша» әдісі** арқылы береді. Оқушылар қаламшаға өз пікірін жазып, қорапшаға салады.<br><br>**Оқу тапсырмасы:** Мәтінді түсініп оқу. | Түсінгені туралы ой қорытады<br><br>Тапсырманы жазып алады | ҚБ қойылады<br> | |



# КОНУС, ЦИЛИНДЕР ЖӘНЕ СФЕРА ҚҰРУ

***БЕЙСЕЕВА Гүлжан Майхатқызы,***
***І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің информатика пәні мұғалімі, педагог – сарапшы.***
***Түркістан облысы, Созақ ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасын сәйкес оқу мақсаттары:** | 6.3.1.4 - айналу денелерін құру және оларды түрлендіру. |
| **Сабақтың мақсаты:** | - айналу денелерін құру және оларды құрастыру;<br>- үш өлшемді денелердің моделін құру және оларды түрлендіру. |
| **Бағалау критерийі:** | - айналу денелерін құру және оларды құрастырады;<br>- SketchUp программасының құралдарын пайдаланып, конус, цилиндр, сфера моделін түрлендіреді;<br>- үш өлшемді денелердің моделін құру және оларды түрлендіреді. |

| Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін (тірек - қимыл аппараты зақымдалған балалар) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | қолдану | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**2 минут**<br><br><br>**1 минут**<br><br>**4 минут** | Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>Оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру.<br>Оқушыларды «Шаттық шеңбер» бойымен тұрғызып **«Жүректен жүрекке» әдісі** арқылы бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын оятады, кезектесіп тілек айтады.<br>Топтарға біріктіру.<br>**«Мозаика» әдісі** қима қағаздарды қиылыстыра отырып, 3 топқа бөлемін, топтардың атауларын анықтайды.<br>Өткен сабақты пысықтау: **«Сұхбат алу»**<br>Ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен өтілген тақырыптар бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. | Мұғаліммен амандасады<br><br><br>1-топ «Конус»<br>2-топ «Цилиндр»<br>3-топ «Сфера»<br><br>Оқушылар іс-әрекеттерін ауызша мадақтау ынталандыру | Оқушылар бірін-бірі бағалайды<br><br><br>ҚБ: Тиімді кері байланыс | Қима қағаз |
| **Жаңа сабақ**<br>**6 минут** | **Сыныппен жұмыс:**<br>Басқа модельдеу программаларындағы сияқты SketchUp программасында жасалып жатқан модельді жақындатуға немесе алыстатуға, бұрын басқа қырынан қарап шығуға мүмкіндік беретін навигациялық құралдар бар. Навигациялық құралдар мәзірдің «Gamera» бөлімінде орналасқан. Құралдардың батырмалары **Құралдар** тақтасында орналасқан.<br>Көрсетілім. Цилиндр құру. Конус құру. Сфера құру. | Сабақтың мақсаттарымен танысады, дәптере жазады | | Интерактивті тақта, слайд/ компьютер |
| **Сабақтың ортасы**<br>**10 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут | **Топпен жұмыс. 1-тапсырма**<br>**«Бес үйде, бір қонақ»** әдісі арқылы әр топтың топ басшысы келесі топқа SketchUp программасының навигациялық құралдарының қолдануын түсіндіреді.<br>SketchUp программасының құралдарын пайдаланып, ғимараттың моделін жаса. Ғимараттың моделін жасау үшін өткен және осы тақырыптарда қызметімен танысқан құралдарды қолдан. Мөлдір шыны алу үшін **Заливка (Құйып бояу)** батырмасын басып, **Материалы – Светопроницаемое – Стекло-синее** (Материалдар-Жарықөткізгіш – Көк шыны) командалар қатарын таңда. **Вращение - Айналдыру -** камераны объектінің айналасынан айналдырып карауға арналған құралын қолдан.<br>**ЕББҚ** оқушыға ғимараттың моделін жасауға түсіндіремін, топпен бірге тапсырма орындайды. (ЕББҚ-тірек қозғалысы аппаратының бұзылысы бар оқушы).<br>**Жұптық жұмыс. 2 – тапсырма**<br>**Кім жылдам? әдісі**<br>Арқаның моделін жаса. Бұл объектіні сызуда Следуй за мной (Соңымнан ер) құралын пайдалан.<br><br>**ЕББҚ** оқушыға тапсырма бірдей беріледі. Жақсы оқитын оқушымен жұптасып тапсырма орындайды.<br>**Функцияналдық сауаттылық**<br>**Жеке жұмыс. 3-тапсырма**<br>**«Жасап көрсет» әдісі**<br>Сәукеле бас киімі.<br>Сәукеле – ұзатылған қыз киетін аса қымбат, бағалы, кәделі әрі әсем бас киім. Сәукеле 2-3 қарыстай биік, ол дөңгелек төбе жағына қарай жіңішкере береді. Жоғары жағына үкі тағылады. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алатын, күміс, | SketchUp программасын пайдаланылатын негізгі құралдарын қолданып, ғимараттың моделін құрастырады<br><br>Оқушылар арқа моделін жасайды, айналдыру құралын пайдаланады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар Sketch программасында іске қосады, негізгі құралдарды қолданады | **Дескриптор:**<br>- ғимараттың моделін құрастырады;<br>- айналдыру құралын қолданады<br><br>Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ: Тиімді кері байланыс<br><br>**Дескриптор:**<br>- арқаның моделін соңымнан ер құралын пайдаланады.<br><br>- айналдыру құралды қолданады<br><br>Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ: Тиімді кері байланыс<br><br>**Дискриптор**<br>айналу денелерін қолданады<br><br>Өзін-өзі бағалау<br>ҚБ: Тиімді кері байланыс | Интерактивті тақта, слайд/ компьютер<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Интерактивті тақта, слайд/ компьютер<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Компьютер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | інжу-маржан, меруерт, лағыл сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар тағылады, түрлі-түсті қымбат жіптермен тігіледі, безендіріледі.<br>Сәукеле жасау моделін құру.<br>3D редакторында сәукеле түрінде конус салып түс беріңіз. Сәукеле моделін құруда командалар ретін көрсетіңіз.<br>**ЕББҚ** оқушыға тапсырманы түсінуге көмек беремін. Үнемі қолдау көрсетемін. |  | | |
| **Сабақтың соңы**<br>**4 минут** | Сабақты қорытындылау үшін Kahoot.it программасы арқылы жұмыс жасау.<br>1. SketchUp программасында модельдерді қалай құрастыруға болады?<br>2. SketchUp программасында кеңістікті басқару құралдары қандай қызмет атқарады?<br>3. Вращение (Айналдыру) батырмасын қандай әрекеттерді орындауға қолданады?<br>4. Конус пен сфера құруда Следуй за мной (Соңымнан ер) құралын қалай қолданады? | Оқушылар Kahoot. it программасындағы сұрақтарға жауап береді | ҚБ: Тиімді кері байланыс | Интерактивті тақта, интернет |
| **Үй тапсырмасы**<br>**1 минут** | - Оқулық бойынша үй тапсырмасын орындау.<br>- Оқулық бойынша анықтамаларды дәптерге жазу. | | | |
| **Рефлексия**<br>**2 минут** | Кемпірқосақ әдісі бойынша олар ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерлерді желімдеу арқылы өздерінің сабақтағы түсінген деңгейін білдіреді.<br>**«БББ» кестесі**<br>Білемін / Білдім / Білгім келеді | Сабақ соңында оқушылар кері байланыс жүргізеді. | Өзін – өзі бағалау<br>ҚБ: Тиімді кері байланыс | Кеспе қағаздар |



# АТҚА МІНУ – ӨНЕР. МЕН ДЕ АТҚА МІНЕ АЛАМЫН

*ҚАЛМЫРЗА Бақыткүл Орынбасарқызы,*
*И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Арыс қаласы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 3.2.4.1 - өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау;<br>3.2.1.2 - шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу. |
| **Сабақтың мақсаты:** | - өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтап, шығарманы көз жүгіртіп, қажетті ақпаратты тауып оқи алады;<br>- берілген тақырыптар төңірегінде ой бөлісе алады;<br>- тақырыпқа сай мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіре алады. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру, Өзін-өзі тексеру**<br><br>**8 минут** | **Ынтымақтастық атмосферасын** және өздеріне деген сенімділік қалыптастыру мақсатында **«Ізгі тілек» әдісі** қолданылады.<br>**Өткен тақырыпқа шолу:**<br>- «Атқа міндім» өлеңін мәнерлеп оқу.<br>- Жылқы туралы мақал-мәтелдер жинастыру.<br>**Оқу материалын жариялау «Керме жіп» әдісі** арқылы жүреді.<br>- Керме жіпте қандай сөз тұр?<br>- Олай болса, бүгінгі сабақта атқа міну тақырыбындағы шығарманы оқитын боламыз. | Шеңберде оң жағындағы балаға тілек айтады<br><br>Тапсырманы орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді | «Ауызша мадақтау» әдісі:<br>Жарайсың!<br>Тамаша!<br>Жақсы! | Керме жіп, қысқыштар, А,т,қ,а, м,і,н,у |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа білім**<br>**15 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 минут**<br><br>**Бекіту**<br>**15 минут** | **(Т) 1-тапсырма «Еркін әңгіме» әдісімен** орындалады.<br>А) Суретпен жұмыс: 82 жас өмір сүрген австриялық жазушы Алан Маршалдың өмірі жайлы көз жүгіртіп оқыңдар.<br>Ә) Мәтінмен жұмыс. «Мен де атқа міне аламын» мәтінің түсініп тізбектей дауыстап оқыңдар.<br>- Әңгіме қалай аталады? Ол кімге қатысты айтылған?<br>- Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін бір-біріне сұрақтар қойып, жауап беріңдер.<br>**Кейбір оқушылар:** кейіпкер жайлы.<br>**Саралаудың «Тапсырма»** тәсілі жүзеге асады.<br>**Кейбір оқушыға:**<br>- тақырыпқа сай мақал-мәтелдер айтып, мағынасын түсіндір.<br>**Сергіту сәтінде қазақ күйіне билейді.**<br>**(Ж, Д) 2-тапсырмада «Ақылдың 6 қалпағы» әдісі дәптермен жұмыс** жүзеге асырылады.<br>А) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.<br><br>**Әңгіме қалай аталады?**<br>**Ол кімге катысты айтылған?**<br>**Әңгімені жазған кім?**<br>**Аланды сипатта.**<br>**Ол алдына қандай мақсат қойды?**<br>**Нені армандаған?**<br>**Аланның өмірінде қандай қиындық болды?**<br>**Аланның әкесінің соңғы сөзінде қандай мән бар?**<br>**Аланның әкесінің ақылы туралы сен не ойлайсың?**<br>**Аланның іс-әрекетінен не үйрендің?**<br>Ә) Суретпен жұмыс.<br>Суретке қара. Қай шығармадан алынған? Ұқсастығы бар ма? Айырмашылығы неде? Сендер қандай сурет салар едіңдер? | - Мәтінді оқиды.<br>- Сұрақ қойып, жауап береді<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Билеп сергіді.<br>- Тапсырманы талқылап, сұрақтарға жауап береді, өз пікірлерін білдіреді. | **Дескриптор:**<br>- Мәтінді көз жүгіртіп, тізбектей дауыстап оқиды-<br>1 балл<br>- Мәтін кейіпкері туралы сұраққа жауап береді-<br>1 балл<br>**-** Мәтін мазмұны жайлы бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді-<br>2 балл<br><br><br>**Дескриптор:**<br>- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді-<br>2 балл<br>- Суретші баланың жіберген қателіктерін табады-1балл<br>- Суреттердің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырады-<br>2 балл | Оқулық |
| **Кері байланыс**<br>**5 минут** | **Кері байланысты** береді.<br>Мұғалім оқушылар жауабын талдап, өз қалыптастырушы бағасын қояды.<br>**Оқу тапсырмасы:** мәтінді мазмұндау. | Сабақтан түйген ой-пікірін айтады. | ҚБ қойылады. | |

# ҰШҚЫР ОЙ МЕН ШЕШЕН ТІЛ



***ХОЖИМУРАТОВА Дилсора Шавкатовна,***
***№71 жалпы орта білім беретін мектебінің***
***қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Шымкент қаласы***

Сабақтың мақсаты:
1. Оқушылардың тіл жайында білімдерін тереңдету.
2. Сөздік қорын, ой - өрісін дамыту.
3. Тілді қадірлей білуге, патриоттық сезімге баулу.

Сабақтың түрі: сайыс сабағы.
Көрнекілігі: интерактивті тақта
Сабақтың ұраны:
Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қай елде жүрсең де бұл дұрысы,
Мемлекеттік тілді білген жөн болар.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Құрметті әріптестер, оқушылар! Бүгінгі «Ұшқыр ой мен шешен тіл» тақырыбындағы зияткерлік сайысымызға қош келдіңіздер! Зияткерлік сайысын өткізудегі мақсатымыз – басқа ұлт өкілдерінің

мемлекеттік тілге құрметпен қарауын, сонымен бірге мемлекеттік тілге қызығушылығын арттыру. Ұлы Абай атамыз айтқандай: «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол»- деп келешек ұрпаққа берер тағылымы мол, іздер қалдырған. Олай болса, бүгінгі сайысымызда, ойынымызда өзімізді жаңаша қырынан көрсетіп, жақсы атсалысайық.

Бүгінгі сайысымыз 6 кезеңнен тұрады, олар:

1. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» (мәнерлеп оқу)
2. «Зымыран сұрақтар» (пәндер бойынша)
3. «Тапқыр болсаң, тауып көр» (мақал-мәтелдің жалғасын табу)
4. «Біліміңді шыңда!» (қазақ тілі пәні бойынша)
5. «Сөзмаржан» (сөз шығару)
6. «Ұлттық құндылықтар-ұлт қазынасы» (бейнеролик сайысы)

Сайысқа 4-«Б» сыныбынан 6 оқушы қатысады.

1. Инагамжанова Ифора
2. Бахтиярова Умида
3. Махаматова Малика
4. Салиходжаева Чарос
5. Ахмедова Насиба
6. Махаматов Давлат

Мұғалім: Әр пәннің сырлары,
Қызықтырды біздерді.
Ойынға бірге қатысуға,
Шақырамыз сіздерді - дей отырып, сайыскерлеріміздің біліміне баға беретін әділ - қазылар алқасымен танысып өтейік.

Ғылымның сырын ұғына,
Шығыңдар білім шыңына!
Ұқыптылық пен зеректік.
Жеткізер сіздей өренді,
Білімдінің сырына!
Қадамдарың оң болсын.
Сәт - сапар енді тілейін!- дей отырып, сайысымыздың 1-кезеңін бастаймыз.

І-кезең: «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» мәнерлеп оқу сайысы.

Оқушылар, биыл, яғни 2023 жылы мерейтойлары тойланып отырған ақын – жазушыларымыздың өлеңдерінен үзінді оқиды: Мерейтой иелері: Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығы, Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығы, Спандияр Көбеевтің 145 жылдығы, Бұқар жыраудың 330 жылдығы, Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы, Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығын тойлайды екенбіз. Бұл кезеңнің талаптары: сахна мәдениетін сақтау, өлеңді мәнерлеп оқу. 10 ұпаймен есептелінеді.

(Мағжан Жұмабаев, 130 жыл) «Туған жер»
Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

(Сұлтанмахмұт Торайғыров, 130 жыл) «Қызық қандай адамды қыздыратын»
Қызық қандай адамды қыздыратын,
Қайғы қандай қаныңды бұздыратын.
Қанды кек, намысты өштік неден тумақ,
Жібітпей жүрегіңді мұз қылатын.

(Спандияр Көбеев, 145 жыл) «Емен ағашы мен тал шыбық»
Бай болсаң, дәулетіңді көңіліңе алма,
Көршіге семіздік қып қысым салма.
Мықтылықты күшің, болса орнымен қыл,
Бәрін де беретұғын жалғыз Алла.

(Махамбет Өтемісұлы, 220 жыл) «Аймақ көл»
Аймақ та аймақ, аймақ көл,
Дария болып шалқымас.
Аяғы төмен аққан соң.
Айдан жарық нәрсе жоқ.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы, 165 жыл) «Адамнан артық жәндік жаралмаған»
Адамнан артық жәндік жаралмаған,
Дейді жұрт: «Айуан жоқ иттен жаман».
Бұл туралы менде бір бөтен ой бар,
Анық ұқсаң, айтайын, достым, саған.
Адамның айуаннан айласы мол,
Қит етсе, қиянатқа қояды қол.
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек –
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.

(Бұқар жырау, 330 жыл), «Айналасын жер тұтқан»
Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас демеңіз.
Айнала ішсе таусылмас,
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан,
Дәулет таймас демеңіз.
Жарлыны жарлы демеңіз:
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес демеңіз.

Мұғалім: Қиындықтан сірәда біз қашпаймыз,
Алғырлық пен тапқырлықты ұштаймыз.
Қияларға самғап ұшқан құстаймыз,
Шегінбейміз жеңістерге бастаймыз –дей отырып екінші, яғни, «Зымыран сұрақтар» кезеңін бастасақ. Бұл кезеңде оқушыларға өздері оқып жүрген пәндері бойынша сұрақтар қойылады. Бұл бізде пәнаралық байланысты нығайтуға өз септігін тигізеді деп ойлаймын. Сұрақтарға 1 минуттың ішінде тез-тез жауап беру керек болады. Кімнің көп сұраққа жауап беретіні, жылдамдығы ескеріледі. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен есептелінеді.

Сұрақтар:

1. Батыр сөзінің синонимін ата? (ержүрек, батыл, жаужүрек)
2. Қазақ тілінде қанша әріп бар? (42)
3. Ұзын сөзінің антонимі? (қысқа)
4. Қатып қалған су (мұз)
5. Қазақ тілі қандай тіл? (мемлекеттік)

Мұғалім:
Мықты болсаң - алдағыны басып оз.
Мықты болсаң - арттағыны жеткізбе!
Мықты болсаң - тайғанама көк мұзда!
Мықты болсаң - бөгеттерді бұзып өт – деп, сайысымыздың үшінші кезеңіне өтейік. Үшінші кезеңіміз «Тапқыр болсаң, тауып көр» деп аталады. Бұл кезеңде қатысушыларға әр түрлі тақырыптардағы жасырынған ұяшықтарда мақалдар ашылады. Қатысушылар сол тақырыптардың біреуін таңдап, ішіндегі 6 мақалдың жалғасын табатын болады. Әр дұрыс жауап үшін 1 ұпайдан алып отырасыздар.

Тақырыптар: «Отбасы», «Отан», «Достық, татулық», «Денсаулық», «Өнер, білім», «Еңбек»

«Отбасы» туралы: Отан-қуат, отбасы-шуақ. Інісі бардың тынысы бар, Ағасы бардың жағасы бар.

«Отан» туралы: Отанды сүю — отбасынан басталады. Отансыз адам — Ормансыз бұлбұл.

«Достық, татулық» туралы: Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас. Досы жоқ адам —
Тұзы жоқ тағам.

«Денсаулық» туралы: Бірінші байлық-денсаулық. Ауырып ем іздегенге, Ауырмайтын жол ізде.

«Өнер, білім» туралы: Күш—білімде, білім — кітапта. Білім арзан, білу қымбат. Мектеп – кеме, білім – теңіз.

«Еңбек» туралы: Еңбек еткен — мұратқа жеткен. Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. Еңбек ет те мақтан, Ойнап күл де шаттан.

Мұғалім:

Жарайсыздар, қатысушылар. Ендігі 4-кезеңіміз, «Біліміңді шыңда!» деп аталады. Мен сіздерге тапсырмалары бар парақшалар таратамын.Бұл парақшада сөздер берліген. Қай сөз қай сұраққа жауап береді. Дұрыс нұсқасын тауып тұсына + белгісін қоясыздар. Ең бірінші және дұрыс орындағандарыңызға қарай ұпай қойылады. Ең жоғарысы 10 ұпай.

| № | СӨЗДЕР | КІМ? | НЕ? | ҚАНДАЙ? | ҚАШАН? | НЕ ІСТЕДІ? |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҒАРЫШКЕР | | | | | |
| 2 | КҮНДЕЛІК | | | | | |
| 3 | БҮГІН | | | | | |
| 4 | КЕТТІ | | | | | |
| 5 | СҰЛУ | | | | | |
| 6 | ҚАЙҒЫ | | | | | |
| 7 | ОТБАСЫ | | | | | |
| 8 | БАРДЫ | | | | | |
| 9 | ЕРТЕҢ | | | | | |
| 10 | ОҚУШЫ | | | | | |

Мұғалім: Бәрекелді, оқушылар! Енді 5-кезеңіміз «Сөзмаржан» ды бастасақ. Бұл кезеңде сіздерге қазақ тіліндегі әріп саны көп, яғни ұзын сөздер берілетін болады, сіздер осы сөздің ішінен қысқа, мағынасы бар сөздер шығаратын боласыздар. Сөздердің құрамындағы әріптерді пайдаланып, жаңа сөздер құрастырасыздар. Сөздер:

- Залалсыздандырылмағандықтарыңыздан;
- Шаңырақтағыларыңыздың;
- Шапағаттандырылмағандықтарыңыздан;
- Шапалақтамағандықтарыңыздан;
- Жауалдырмаңыздаршы;
- Елемегендіктеріңізден.

Мұғалім: Ал, ендігі кезекті оқушыларымыздың дайындап келген бейнероликтеріне берсек. Бұл кезең: «Ұлттық құндылықтар-ұлт қазынасы» деп аталады. Бұлай аталуының себебі, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, оған құрметпен қарау әр қазақстандық азаматтың борышы деп білеміз. Міне, бүгін де біздің мектептің майталмандары, біздердің болашағымыз болған ізденімпаз оқушыларымыз өздерінің ұлттық құндылықтарымыз туралы жинаған мәліметтерін сіздерге ұсынғалы отыр. Бұл шартымызға қойылатын талап, мемлекеттік тілде таза сөйлеуі, бейнероликтің сапасы, жинаған мәліметі және әрине, регламент 2-3 минут көлемінде болу керек. Жалпы 10 ұпаймен бағаланады.

Мұғалім:

Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Білім мен тапқырлықтың сайысында,

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты - дей отырып, сайыстың қорытындысын білу үшін әділ-қазыларға сөз кезегін береміз.

Тіл - ұлттың қайталанбас байлығы. Тілден артық қазына жоқ екеніне тағы бір рет көз жеткіздік. Құрметті, ұстаздар мен оқушылар, «Ұшқыр ой мен шешен тіл» атты зияткерлік сайысымыздың жеңімпазын анықтадық. Жеңімпазымызды шын жүректен құттықтаймыз. Біздің сайысымыз өз мәресіне жетті. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін көп рахмет. Сау болыңыздар!







# ЖАЗБАША ТҮРДЕ ҚАЛДЫҚПЕН БӨЛУ

*ЗАЙРОВА Гулнур Жаксылыковна,*
*№131 жалпы орта білім беретін мектебінің*
*бастауыш сынып мұғалімі.*
*Шымкент қаласы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 3.1.2.10 - мынадай жағдайларда: 23·2, 123·2, 46:2, 246:2 екі таңбалы үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану;<br>3.1.2.6 - бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** алгоритмді қолданып, екі-үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша қалдықпен бөлуді орындай алады;<br>**Көптеген оқушылар:** құрама есептердің шартын жазып, шығара алады;<br>**Кейбір оқушылар:** заңдылықты анықтап, қатарды жалғастыра алады. |

Сабақтың барысы

| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру өзін-өзі тексеру**<br><br>**3 минут** | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында жаттығулар жасайды.<br>Оқушыларды топқа бөлу **«Санау» әдісімен** жүреді.<br>**Өткен тақырыпқа шолу:**<br>Үйге берілген оқу тапсырмасын тексеру.<br>**Оқу материалын жариялау:**<br>- Бүгінгі сабағымызда да қалдықпен бөлуге берілген тапсырмаларды орындайтын боламыз.<br>Оқу мақсаты жарияланады. | Ширату жаттығуларын жасайды<br><br><br>Топқа бірігеді<br><br>Үй тапсырмасын тексертеді | «Ауызша мадақтау» әдісімен бағалау<br><br><br><br><br>Жауабын толықтыру | |
| **Жаңа білім**<br>**10 минут** | **(Ұ, Д) 1-тапсырмада тақтамен, дәптермен жұмыс жүзеге асады.**<br>1) Қалдықпен бөлуді орында. Барлық қалдықтардың көбейтіндісін тап, сонда Галилео Галилей не ойлап тапқанын білетін боласыңдар.<br>26:3=8 (2 қалд.)<br>38:5=7 (3 қалд.)<br>28:6=4 (4 қалд.)<br>2*3*4=24-телескоп<br>2) Қалдықпен бөлудің қалай орындалғанына қараңдар.<br><br>бөлу алгоритмі<br>*Жазамын:* бөлінгіш – 467, бөлгіш – 4. Бірінші толымсыз бөлінгіш – 4 жүздік. Бөліндіде 3 цифр (жүздік, ондық, бірлік) болады.<br>*Жүздіктерді бөлемін:* 4 : 4 – 1, бөліндіге 1 санын жазамын.<br>*Ондықтарды бөлемін:* 6 : 4 – 1, бөліндіге 1 санын жазамын. Қанша ондық бөлініп, тағы қаншасы қалғандығын тексеремін. 6 – 4 = 2. 2 ондық қалды. 2 < 4. Бірлікті қасына түсіремін.<br>*Бірліктерді бөлемін:* 27 : 4 = 6 (3 қалд.), бөліндіге 6 санын жазамын.<br>*Жауабын оқимын:* 116 (3 қалд.).<br>*Жазамын:* бөлінгіш – 281, бөлгіш – 2. Бірінші толымсыз бөлінгіш – 2 жүздік. Бөліндіде 3 цифр (жүздік, ондық, бірлік) болады.<br>*Жүздіктерді бөлемін:* 2 : 2 – 1, бөліндіге 1 санын жазамын.<br>*Ондықтарды бөлемін:* 8 : 2 – 4, бөліндіге 4 санын жазамын.<br>67<br>*Бірліктерді бөлемін:* 1 саны 2 санынан кіші болғандықтан, онда 2-ден 0 рет кездеседі. Қанша бірлік бөлінгенін тексеремін. 1 – 0 = 1 (1 қалд.), бөліндіге 0-ді жазамын.<br>*Жауабын оқимын:* 140 (1 қалд.).<br>Есептеудің дұрыстығын қалай тексеруге болады? Түсіндір. Тексеруді орында. | Тапсырманы орындайды | **Дескриптор:**<br>- Қалдықпен бөлуді орындайды – 2 балл<br>- Қалдықтардың көбейтіндісін тауып, Г. Галилей телескоп ойлап тапқанын анықтайды - 1балл | Оқулық, дәптер<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2 минут**<br><br>**Бекіту**<br>**15 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**10 минут** | **Саралау тәсілі: «Тапсырма»** арқылы жүзеге асады.<br>**Кейбір оқушыға:**<br>- Ұқсас тапсырмалар құрастыр.<br>**Сергіту сәтінде «Жаяу» әуенімен билеп сергіді.**<br>**(Д) 2- тапсырма «Өзіндік жұмыс» әдісі.**<br>3) Қалдықпен бөлуді орындаңдар, тексеріңдер.<br>А) 564:5=112 (4қалд.) 5*112+4=564<br>937:3=312 (1қалд.) 3*312+1=937<br>638:3=212 (2қалд.) 3*212+2=638<br>ә) 467:2=233 (1қалд.) 2*233+1=467<br>478:4=119 (2қалд.) 4*119+2=478<br>583:4=145 (3қалд.) 4*145+3=583<br>4. а) Есепті шығарыңдар.<br>Бір жыл ішінде расытханаға саяхатқа 369 оқушы келді, бұл саяхатқа келген үлкендерге қарағанда 3 есе артық. Бір жыл ішінде расытханада барлығы қанша саяхатшы болды?<br>Ш:369+369:3=492<br>Ж: 492 саяхатшы болды.<br>**(Д) 3- тапсырма «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі.**<br>5) Теңдеулерді шешіңдер.<br>b-70*3=345 a:(400-360)=8<br>b-210=345 a:40=8<br>b=345+210 a=8*40<br>b=555 a=320<br>555-70*3=345 320:(400-360)=8<br>345=345 8=8<br>45:5*b=900<br>9*b=900<br>b=900:9<br>b=100<br>45:5*100=900<br>900=900<br>6) Есепті шығарыңдар.<br>Ауданы 36см$^2$, ені 4 см болатын тіктөртбұрыш сызыңдар. Оның периметрін табыңдар.<br>Ш:36:4=9<br>Р=(4+9)*2=26<br>Ж: Периметрі 26см.<br>Ә) Ауданы дәл осындай шаршы сызып, оның периметрін табыңдар.<br>Ш:36=$6^2$<br>Р=6*4=24<br>Ж: Периметрі 24см.<br>**Саралау тәсілі: «Тапсырма»** арқылы жүзеге асады<br>**Кейбір оқушыға:**<br>Заңдылықты анықта. Тағы 3 сан жазып, қатарды жалғастыр.<br>101 000 111 000 121 000<br>909 000 808 000 707 000 | Билеп сергиді.<br><br>Тапсырмалар орындайды<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Тапсырмалар орындайды | <br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>- Қалдықпен бөлуді орындайды, тексереді -<br>2 балл<br>- Есептердің шартын жазады, шешуін, жауабын табады -<br>2 балл<br><br><br><br><br><br><br><br>**Дескриптор**:<br>- Теңдеулерді шешеді, тексереді – 1 балл<br>- Тіктөртбұрыш сызып, периметрін табады-1балл<br>- Шаршы сызып, периметрін табады -1балл | |
| **Кері байланыс**<br>**5 минут** | **Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы» әдісі** бойынша өтеді.<br>**Оқу тапсырмасы:** №4(ә) 68 бет. | Кері байланыс жасайды | ҚБ қойылады. | |



# СПЕШИТЕ ДЕЛАТЬ ДОБРЫЕ ДЕЛА

***БӨРІБАЙҰЛЫ Максат,***
***Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінің***
***орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Ордабасы ауданы***

| | |
|---|---|
| **Цели обучения:** | 9.1.3.1 - понимать содержание прозаических, драматических, поэтических произведений/ фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям;<br>9.2.5.1 - участвовать в дискуссии по предложенной проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы. |
| **Цели урока:** | - понимает содержание прозаического произведения/ фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям;<br>-участвует в дискуссии по предложенной проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы. |

Ход урока

| Этапы урока | Деятельность педагога | Деятельность учащихся | Оценивание | Ресурсы |
|---|---|---|---|---|
| **начало урока** | 1.**Приветствие учителя** с учащимися:<br>- Здравствуйте, ребята! Приветствую вас на сегодняшнем уроке. Рад сообщить вам, что сегодня нам предстоит работа насыщенная, сложная, но интересная. | Приветствуют учителя | | Указатель группы<br>1-группа: «А-Е»<br>2-группа: «И-Н»<br>3 – группа: «С - Я» |
| **3 минут** | **Деление на подгруппы**: для этого мы должны поделиться на подгруппы по первой букве вашего имени.<br>1 – группа: «А - Е»<br>2 – группа: «И - Н»<br>3 – группа: «С - Я» | Рассаживаются в парты с указателем.<br>Выбирают лидера, который следит за временем, действиями всех членов группы. | | |
| **3 минут**<br><br>**3 минут** | 2. **Сообщение темы и цели урока.**<br>- Мы продолжаем изучать раздел «Отцы и дети: диалог и конфликт поколений»<br>Тема урока: «Спешите делать добрые дела…». Познакомитесь с рассказом К. Паустовского «Телеграмма».<br>**Цели урока**. Сегодня вы:<br>- будете определять слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям и событиям;<br>- будете участвовать в дискуссии, рассматривая проблему с разной точки зрения и предлагать разные пути решения.<br>**Задание 1.** Какая группа подберет слова с начальным сложным компонентом «теле - …». Побеждает группа, подобравший больше слов.<br>**Учитель:** Ребята, вы молодцы, что смогли вспомнить и записать слова с начальным компонентом «теле». Что означает это слово «теле-» - «далеко», «на расстоянии», | Учащиеся знакомятся с темой урока и целями обучения.<br><br>Каждая группа вспоминают слова с начальным слогом теле и записывают слова подряд.<br><br>Слушают и читают стихотворение.<br><br>Приблизительные ответы:<br>Поэт призывает беречь своих матерей, уважать и любить их.<br>Возможно, рассказ будет | Оцените работу, используя прием «Большой палец» | <br>https://www.youtube.com/watch?v=psBfsgiaxZs<br><br>Учебник. Атамура. Часть 2. Стр.27 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>а «грамма» - (от греч. grámma черта, буква, написание.<br>«Телеграмма» - «далеко писать».<br>Перед тем как приступим изучать рассказ Паустовского «Телеграмма» послушайте стихотворение Расула Гамзатова «Слово о матери».</td>
<td>о матери.<br><br>Приблизительные ответы: авторы выражают свою оценку через лексику,</td>
<td></td>
<td>Приложение 1 к уроку</td>
</tr>
<tr>
<td>6 минут<br><br>7 минут<br><br>8 минут</td>
<td>- Как вы думаете, почему поэт пишет, что счастлив тот, у кого есть мать?<br>- К чему призывает поэт?<br>- Как вы думаете, каким образом может быть связано стихотворение с нашим сегодняшним уроком?<br>Учитель: Ребята, вспомните, каким образом писатели могут выражать свое отношение и давать оценку героям и событиям?<br>Задание 2. Прочитайте начало рассказа «Телеграмма». Перед вами органайзер, которого должны покрасит тёплыми и холодными цветами. Прокомментируйте ваши действия.<br>Учитель: Вы молодцы. Потому что вы смогли через цветовую гамму, в красках выразить свое отношение к героям и событиям.<br>А теперь, можете ли определить отношение автора к героям?<br>- Как относится автор к соседской дочери?<br>_ Как автор относится к Насте, единственной дочери Катерины Петровны?<br>Работа в группах.<br>Задание 3. Стратегия: «Двухчастный дневник». Прочитайте отрывок на стр.27.<br>Упражнение 4. Заполните дневник.<br>1 группа. Определяют отношение автора к Катерине Петровне.
<table>
<tr><th>Вопросы</th><th>Ответы</th></tr>
<tr><td>Выпишите из текста слова и словосочетания, выражающие отношение автора к Катерине Петровне. Какие чувства вызывает у автора образ героини?</td><td></td></tr>
</table>
Группа 2. Определите виды художественных приёмов и их роль в тексте.
<table>
<tr><th>Вопросы</th><th>Вырази-тельные средства языка</th></tr>
<tr><td>Она посадила дерево еще девушкой-хохотушкой, а теперь клён был старый, шершавый, облетевший, озябший, ему некуда было уйти от этой бесприютной, ветреной ночи.</td><td></td></tr>
<tr><td>«Смерть забыла ко мне дорогу».</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>выражающую эмоцию, чувства.<br><br>Учащиеся комментируют, почему некоторые графы покрасили тёплыми, а некоторые – холодными тонами и читают самостоятельно заполненную графу.<br><br>Примерные ответы: Автор относится к дочери сапожника с любовью, а чувства к Насте нейтральное, не совсем понятное, немного осуждающее.<br>Группа 1<br>Дескрипторы.<br>1.Определяет отношение автора к Катерине Петровне.<br>2. Приводит примеры из текста.<br><br>Группа 2<br>Дескрипторы.<br>1. Определяет виды выразительных средств языка.<br>2.Приводит аргументы.<br>3.Определяют роль художественных приемов<br><br>Группа 3<br>Дескрипторы.<br>1. Находит строки, через которые автор выражает надежду на человечность Насти.<br>2.Раскрывает смысл</td>
<td>Обратная связь учителя: словесное поощрение.<br><br>Приём «Свободный микрофон»<br><br>Оцените работу каждой группы.<br><br>Обратная связь учителя:<br>Вы верно подметили, что к Манюшке автор относится с любовью. Использует ласкательный суффикс -юшк<br>Маня-Манюшка.<br>Автор подчеркивает недовольство Насти словами, что не пишет, а присылает иногда деньги.<br><br>Обратная связь:<br>Словесная поддержка учителя:<br>Катерина Петровна: Одинокая, старая, забытая родной дочерью,</td>
<td>Учебник. Атамура. Часть 2. Стр.27<br><br>Приложение 2 к уроку<br><br>1-стена МОЛОДЁЖЬ<br><br>2-стена ПОЖИЛЫЕ ЛЮДИ<br><br>3-стена ВРЕМЯ И ГЛОБОЛИЗА-ЦИЯ</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут**<br><br><br><br>**7 минут** | Группа 3. Определите отношение автора к Насте.<br>**Вопросы** / **Ответы**<br>Через какие строки письма теплится надежда автора на человечность Насти? / —<br>«Но внутри ничего не было видно-одна жестяная пустота» Выражает ли данное предложение отношение автора к героине. Если «да», то прокомментируйте. / —<br>Задание 4. Прочитайте отрывок. Стр.29. Упражнение 7. За что художники дали Насте имя Сольвеиг? Как имя, данное художниками, совпадает с действительностью её натуры?<br>Задание 5. **Прием «выскажи позицию»**. В рассказе автор поднимает проблему одиночества пожилых людей и бессердечность молодёжи, которая в суете быстротечной жизни забывает о близких | предложения.<br><br>Примерные ответы учащихся:<br>Автор неспроста описывает Настю с холодными глазами. Глаза – зеркало души. Настя была бессердечной по отношению к матери.<br><br>Дескрипторы:<br>1.Выбирают и отстаивают позицию.<br>2.Приводит аргументы.<br>3.Предлагает пути решения.<br>4. Соблюдает орфоэпические и речевые нормы языка. | беспомощная: «долго обвязывала голову тёплым платком…», «впервые за этот год вышла из дому», «позабытые звёзды пронзительно смотрели на землю…»<br><br>Выразительные средства: сравнение: она посадила дерево девушкой – хохотушкой (сущ. Т.п). эпитеты: старый, шершавый, облетевший, озябший. Бесприютная ночь. Олицетворение: озябший, ему некуда было уйти (о дереве). Метафора: Смерть | https://wordwall.net/ru/resource/52106741/ |
| <br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 минут** | людях. Учащимся предлагается высказать свою позицию, выбрав стенку с надписью и предложить пути решения данной проблемы.<br>Кто или что виноват: молодежь, старшее поколение или время и глобализация?<br>Можно ли решить данную проблему?<br>Подведение итога. Итак, ребята, какова была цель нашего урока? (Слайд)<br>- понимает содержание прозаического произведения/ фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям;<br>-участвует в дискуссии по предложенной проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы;<br>Как вы думаете, цель нашего урока достигнута?<br>Был ли урок полезным, жизненным?<br>Рефлексия<br><br><br>Д/э. Прочитать продолжение рассказа. Сделайте вывод. | 5. Демонстрирует богатый словарный запас.<br><br>Приблизительные ответы учащихся:<br>Цели урока достигнуты. Мы смогли определить отношение автора к героям через выразительные средства, природные явления и по эмоциональной оценке. На уроке были подняты жизненные проблемы, духовные ценности как отношение к близким. Тема актуальна в наши дни.<br><br><br><br>Учащиеся крутят колесо отвечают на вопрос и дают оценку своей работе. После вопрос удаляется, нажатием на вопрос. | забыла дорогу ко мне. Роль: передает чувства автора, затрагивает глубинные эмоции читателя.<br><br>«Ненаглядная» - родной, дорогой человек, смысл жизни. Через письмо автор ещё надеется на человечность дочери. «Но внутри ничего не было видно-одна жестяная пустота». Настя, которую ждет мать, называя её ненаглядной – не отзывается, не пишет, не ищет встречи.<br><br>Прием «Свободный микрофон». Я согласен \ не согласен с мнением… Потому что…, или я считаю…<br><br>«Две звезды – одно пожелание». | |

# МЕНІҢ СҮЙІКТІ КІТАБЫМ



***МУСИРОВА Гульсара Хожахмедовна,***
***Ы. Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.***
***Шымкент қаласы***

Білім алудың басты құралы - кітап. Кітап адамның жүрегін, санасын, ақылын байытады, дүниетанымын кеңейтеді. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап-тілсіз тәрбиеші.

Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназияның 4«Е» сынып оқушыларының қатысумен мектеп кітапханасында сынып жетекшісі Гульсара Хожахмедовна мен кітапхана меңгерушісі Нұрсұлу Шайлановнаның ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасылық сауаттылық» бағыты бойынша «Менің сүйікті кітабым» атты конференциясы өткізілді.

Біздің мұндағы мақсатымыз оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып, қызықтыруға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты пайдалануға баулу.

Бір кітапты оқу арқылы оқушылар анасымен бірігіп, сүйікті кітабымен таныстырды және ой бөлісті.

Қатысушылар: Увакова Нурия анасы - Ғазиза Өмірзаққызы;

Бақтияр Мерей анасы - Қарлығаш Бесеубайқызы;

Сейдалхан Жұлдызай анасы - Гүлдана Бегалықызы;

Үшкемпір Аяулым анасы - Айнұр Лесбаевна.

Қатысқан оқушылар кітапханаға барып, презентация жасап, мақал-мәтел жазылған кітапша, газет шығарып, сөзжұмбақ дайындап, кейіпкерге хат жазды. Таңдаған кітабын қысқаша баяндай отырып, жағымды, жағымсыз кейіпкерлеріне баға берді. Оқыған шығармаларының қандай тәрбиелік мәні бар екенін айтып өтті.

Адамды еңбекке, адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, адалдыққа, шыншылдыққа, жақсылыққа үйретеді деп ой түйді.

Ұйымдастырылған іс-шараға қатысып, оқыған кітаптарын көңілге тоқып, көпшілік алдында бөлісіп отырған, оқырмандарды шабыттандырған оқушылар мен аналарға көрермендер ризашылығын білдіріп, оң бағасын берді.







*ИСМАЙЛ Балнұр Ғалымжанқызы,*
*№70 С. Байғозиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы.*
*Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы*

# Біз Қазақпыз!

*Егемен, елдің басы біз қазақпыз!*
*Қазағым тойлата бер, біз азатпыз!*
*Тәуелсіздік тұғыры биік болған,*
*Егеменді, еңселі біз қазақпыз!*

*Біз қазақпыз байрағын тік ұстаған,*
*Ежелден салт-дәстүрді нық ұстаған.*
*Аянбай қан майданда жерін қорғап,*
*Болашақ жастарына табыстаған.*

*Біз қазақпыз жауды да жеңе білген!*
*Өмірді қазақ болып сүре білген!*
*Қаншама ел ішінен дараланып,*
*Көк байрағын аспанда көре білген!*

*Біз қазақпыз, үлкенді құрметтеген,*
*Сыйлағанды сыйлаймыз ізетпенен.*
*Қаншама қан төгілсін, жан берілсін,*
*Қандасты қорғаймыз жүрекпенен.*

*Біз қазақпыз, тәуелсіз қырандаймыз,*
*Алты алаштың ұранын ұрандаймыз.*
*Осынау қасиетке ие болған,*
*Тәуелсіз қазағыма жыр арнаймыз.*

*Қазағым азат болшы әрқашанда,*
*Құламасын байрағың ешқашанда.*
*Бола берсін қашанда еңсең биік,*
*Атың өшпес тарихта ешқашанда!*





№03 (089) 2023 жыл
наурыз

# Мазмұны

**ЕСЕН Б.А.**
Жасанды интеллекттің таңқаларлық жетістіктері.................................1
**КАЙМОЛДАЕВА Б.Б.**
Қосымша білім беру арқылы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – маңызды міндет..............................................................2
**ТЕМИРБАЕВА А.М.**
Облыстық «kitapxan@» кітап оқу жарыс жобасының білім сапасына тиімділігі.................................................................................4
**ИБРАГИМОВА Ж.А.**
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.........................6
**МУРАТБЕКОВА Б.Б.**
Дыбыс айту бұзылысын түзету................................................................7
**БЕКЗАТОВА М.Б.**
Мен жастарға сенемін...............................................................................9
**БЕЙСЕБАЙ А.М.**
Мектеп – ғасырлық тарихы бар алып кеме...........................................10
**ТУРАПОВА М.Е.**
Ағылшын тілін меңгерудің маңыздылығы...........................................11
**КӨШЕНОВА Т.С.**
The legacy of Magzhan Zhumabaev and world spirituality........................12
**ҚАРАТАЙ Г.А.**
Ұлт құндылығы - ізгі ұрпақ.....................................................................13
**АЛДАШУКИРОВА З.Д.**
Бастауыш сыныпта білім алушының дағдысын дамытудағы әдіс-тәсілдер..........................................................................................14
**САРМАНТАЕВА А.М.**
Әл Фараби сазы музыка әлемінде..........................................................15
**КУЛАХМЕДОВА Г.А.**
Топырақтың қандай қасиеті бар?...........................................................17
**ЕЛТОКОВА Г.К.**
Судың пайдасы мен зияны.......................................................................18
**ЫБЫРАЕВА Ж.А.**
Музыкадағы табиғат құбылыстары........................................................20
**ЖАРҚЫНБЕКОВА Н.Ш.**
Лепті сөйлем..............................................................................................21
**ТУЛЕНОВА Қ.П.**
Қатты, сұйық және газ тәрізді заттар......................................................23
**БЕЙСЕЕВА Г.М.**
Конус, цилиндер және сфера құру..........................................................24
**ҚАЛМЫРЗА Б.О.**
Атқа міну – өнер. Мен де атқа міне аламын..........................................26
**ХОЖИМУРАТОВА Д.Ш.**
Ұшқыр ой мен шешен тіл.........................................................................27
**ЗАЙРОВА Г.Ж.**
Жазбаша түрде қалдықпен бөлу.............................................................30
**БӨРІБАЙҰЛЫ М.**
Спешите делать добрые дела..................................................................32
**МУСИРОВА Г. Х.**
Менің сүйікті кітабым..............................................................................35
**ИСМАЙЛ Б. Ғ.**
Біз Қазақпыз!.............................................................................................36

**БІЛІМ ШЫҢЫ-**
**ҒЫЛЫМ СЫРЫ**
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

**Бас редактор:**
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

**Шығармашылық директор:**
БЕКЗАТ Рүстем

**Бас редактордың орынбасары:**
Биғараев Жарқынбек

**Тілшілер:**
БАСЫҚАРА Бекарыс
КӨПЖАН Бақытжамал

**Дизайнер:**
АНАРКУЛОВ Ислам

Журнал Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.
Журнал 2023 жылы 20 наурыз ЖК “Шың” баспаханасында басылып шықты.
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1
Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 778 625 20 78
эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilimshini.kz

Тапсырыс: №112
Таралымы: 4120

# ШЫҢ
## БАСПАХАНАСЫ

- Кітап
- Кітапшалар
- Диплом
- Журналдар
- Афиша
- Құттықтаулар
- Стендтер
- Визитка
- Маңдайшалар
- Брошюра
- Буклеттер
- Шақырулар
- Плакат
- Баннер
- Портфолио
- Бланк
- Календарь

Сапалы әрі арзан бағада

*Мектеп бөлмелерін безендіру*

Байланыс сымтетігі: +7 (7252) 77 20 10;
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru

# БАСПАСӨЗ-2023




Жазылу индексі: 74871

6 айға жазылу бағасы

Қазпошта арқылы
3440 теңге 00 тиын

"Ер-нұр" пресс арқылы
3666 теңге 00 тиын

Мекен-жайымыз: ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманов көшесі, 10/1
Байланыс телефондары: 8(7252) 77 20 10 Ұялы тел.: 8 701 312 99 06